

Бір ақымақтан  
жүз ақымақ  
туады. Ал да-  
нышпаннан  
данышпан ту-  
майтыны несі.

Рақымжан  
Отарбаев

Газет 2013 жылдың 1 қаңтарынан шығады

TYNYSY NÁPASI

Газет 2013-жылның 1-январидин чиқиватиду

karadala.tynysy@mail.ru

25 шілде 2025 жыл

Жайлау

# Еңбек адамының мәртебесі АРТҚАН КҮН

Ауыл еңбеккерлерінің абыройлы ісін ардақтайтын дүбірлі той Шалкөде төрінде өтті. Шопандардың слеті деген ұғыммен санамызда қалып қойған той осыдан бәленбай жыл бұрын басқа құрылымда өмір сүрген кезден қалыптасқан еді. Арада үзіліс болып, бұл той қайтадан жаңғырды. Кеген ауданындағы қымызмұрындықтың жалғасы іспетті біздің ауданның мал шаруашылығы саласындағы еңбеккерлерге арналған жайлау тойы дүбірлі өтті. Қазақ үйлер тігіліп, қазан қайнатылып, қымыз сапырылып, ұлттық киімдегі үлкен-кіші тойдың сәнін аша түскен.



Баян МАМЫРБАЕВА

Бүгінгі күн – мал баққан шопанға, дертке дауа тапқан ветеринарға, сусыз тіршілік жок деп, жер суарған су маманына арналған мерекелік шара деп таныстырылды. Ауыл шаруашылығы – еліміздің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі. Мал өсіріп, өнім өндіру – ата-бабамыздан қалған киелі кәсіп. Шопан – дала тіршілігінің тірегі. Ата кәсіпті заман талабына сай дамытып, еңбек адамының мәртебесін арттыру үшін мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетілуде. Еңбек адамы жылы деп жарияланған жылы бұл тойдың өтуі заңдылық та болар. Әрине жердің шалғайлығы қолбайлау болғанын айтпасқа болмас. Талай адам Шалкөде жайлауының кереметін көруді аңсады. Ал ауданның шенділері мен шекпенділері бұл тойдың өтуіне өздерінің үлестерін қосқандығы бірден байқалып тұрды. Әр округ өзінің үйін жабдықтап, келген қонақтарға астарын ұсынып, ұлттық салт-дәстүр бойынша барын беріп, мәрсәре болып жатты. Арнайы жасалған сахна, алтыбақан тепкен қыз-жігіт тойдың көрігін қыздыра түскен. Қазақ малсыз өмірін елестете алмайды. Төрт түлігі сай болған жұрт қана бақуатты бола алады. Мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы – ветеринария саласына тікелей байланысты. Бұл сала – халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігінің маңызды бөлігі. Сондықтан ветеринарлық жүйені жаңғыртып, оны заманауи деңгейге көтеру – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Су – тіршілік көзі. Әрбір тамшы суды тиімді пайдалану – келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Суару жүйелерін жаңғырту, су ресурстарын үнемдеу – ауыл шаруашылығын дамытудың негізгі шарттарының бірі болып отыр. Мемлекет



басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Мал шаруашылығы – экспорттық әлеуеті жоғарғы саланың бірі. Бірақ жем-шөп дайындау, ветеринария және өнім өңдеу бағыттарын дамыту – басты басымдыққа айналуы тиіс. Су – стратегиялық ресурс. Оны үнемдеп пайдалану – ауыл шаруашылығын тиімді жүргізудің кепілі. Біз жаңа суару жүйелерін енгізіп, суды ысырапсыз қолдануға көшуіміз керек» – деп аграрлық секторды дамытудың басты бағыттарын айқындаған болатын.

Әдемі әуенмен басталған шараның алғашқы құттықтау сөзін аудан әкімі Бота Елеусізова алды. Көк жайлаудың төресі, кешегі желмаясына мініп жағанды кезген Асанқайғының арманындағы жерұйық мекен Шалкөде жайлауының төрінде бүгін біз қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғыртып, ұзақ жылдар бойы ұлықталмай ұмыт болып бара жатқан шопандар тойын дүркіретіп өткізгелі отырмыз. Ұлтымыздың салт-дәстүрі мен ұлттық өнері, ас мәзірі мен дала спорты жаңғыртылып, көшпенді елдің ұлттық мәдениеті дәріптелетін, жалпы бүтіндей ұлттық болмысымыз насихатталатын осындай игі шараға баршаңыз қош келдіңіздер, деп сөзін бастады.

Біздің ауданымыз ауылшаруашылығы мен мал шаруашылығына бейімделген аудан. Аудан бойынша бүгінгі таңда



185 мыңнан астам қой мен ешкі, 72 мыңнан астам ірі қара және 15 мыңнан астам жылқы бар. Сонымен қатар бінеше мал бордақылау алаңдары да өңіріміздің мал шаруашылығының дамуына өзіндік үлестерін қосып келе жатыр. Ал көшпенді халықтың көне салтымен қатал қысты қыстауда, ала жазды жайлауда өткізіп, мал басын көбейтіп отырған шопандарымыздың еңбегі ерен әрі өлшеусіз деп бағалауға болады. Бүгін біз төрт түлігін түгендеп, төрт құбыласын теңестірген мал шаруашылығының нағыз майталмандары малшылар қауымының мерекесін дүйім жұрт болып атап өтіп, мал бағу мен мал басын көбейтуде озық еңбек етіп, жетістіктерге жеткен бірқатар ауыл малшыларын арнайы марапаттап, маңдай тер мен адал еңбектерін елеп ескеретін боламыз.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Ауылшаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес!» деп шегелеп айтқан болатын. Осы орайда ауылшаруашылық саласының негізгі үлес салмағы болып отырған мал шаруашылығының тұрақты әрі жан-жақты дамуы және өңірлерде мал басының көбеюі сәйкесінше еліміздің экономикасының даму қарқынына оң әсерін тигізетіндігі айқын. Баршаңызды бүгінгі Шалкөде жайлауында өтіп жатқан

Шопандар тойы мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Еліміздің бірлігі артып, іргесі берік болсын! Тәуелсіздігіміздің тамыры тереңге жайылып, ертеңіміз еңселі болғай! Жыл сайын жайдары жазда жайлаудың төрінде осындай дүбірлі тойда бас қосайық! – деп ізгі ниетін жиылған қауымға арнады.

Аудан әкімінің ақжарма тілегі әрі қарай марапаттарға жалғасты. Үлкен Ақсу ауылдық округінің ветеринар мамандары «Нива» автокөлігіне ие болды. Ауыл үшін бұл зор жетістік. Одан бөлек ауылшаруашылығында тер төгіп жүрген жандар әртүрлі сый сияпатқа, құрмет грамоталарына ие болды. Еңбек адамы – елдің негізі, ауыл – халықтың тамыры. Келесі құттықтау сөзге шыққан тиірмендік ветеринар Нұралым Кебилов ауыл еңбеккерлерінің еңбегі еленгеніне мақтанышын жасырмады. Қарапайым еңбек адамы жыл бойы атқарған еңбегінің жемісін көріп, жаз жайлауда той жасау ата-бабадан қалыптасқан дәстүр, жазылмаған дала заңы екендігін айтып, жиналған қауымға өзінің ыстық ықыласын арнады.

Ауданымыздың сыйлы ақсақалы Ноғайбек Дәуренбеков өзінің ауыл әкімі болған кезінде жасалатын тойдан естелік айтып, өткен шаққа саяхат жасады. Мамытхан Құдайбергенов те мұндай шопандар тойының бірнешесін көргендігін, көрші аудандардың малшылар қауымымен қауқылдасып, өткен-кеткенді еске түсіретін керемет шара деп бағасын берді. Жігітбасы Нұрахмет Арипов та өзінің жүрекжарды ниетін айтып, жайлаудың таза саф ауасы мен адамдардың кеңпейіл көңілдеріне ризашылық сезімін жеткізді.

Ресми бөлімнен соң кезек ән мен жырға берілді. Спорттық жарыстардан бақ сынасқан бір топ жүлде жолында жан берісіп, жан алысты. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтарға ие болысты. Жайлаудың кең төрінде еңбек адамы құрметке бөленді. Шопандар тойына қатысқан адамдар мәз-мейрам болып тарасты. Бүгінгі күн – дала төсін дүбірлеткен, маңдайын күн сүйген, ауыл шаруашылығын дамытуға сүбелі үлес қосып жүрген еңбек адамдарының мерекесі! Еңбек адамы – елдің тірегі. Шынайы дамудың негізі – қарапайым еңбеккердің адал еңбегінде жатыр. Сондықтан мемлекет еңбек адамына құрмет көрсетіп келеді, бүгінгі мереке соның дәлелі. Жайлау той – қазақтың жазғы жайлауға көшкенде тойланатын, ғасырлар бойы аталып келе жатқан мерекесі.

Қыстан аман шығып, жазғы жайлауына жеткен бабаларымыз арқасын кенге салып, бұл күні ән айтудан, ептілік пен күштілікке баулитын ұлттық ойындардан сайыстар өткізген. Бүгінгі тойда да ұлттық ойындардың бірнеше түрінен жарыстар ұйымдастырылды. Қыз қуу, палуандар сайысы, аударыспақ, тенге ілуден ептілер мен мықтылар сайысқа шықты. Шалкөде төсіндегі шопандар тойы елдің есінде қалатындай дүркіреп өтті. Келесі жылы да осы дәстүр жалғасын табатынына бек сенімдіміз.



# ДРОППЕР

Тұрғындардың әлеуметтік осал топтары арасында интернет-алаяқтық және осы қылмыстардан зардап шеккендер санының тұрақты өсуі бұл мәселені қоғамдағы ең өзекті және күрделі мәселелердің біріне айналдырды.

Құзырлы мемлекеттік органдарға алдын алудың бірінші кезектегі міндеті азаматтардың сауаттылығын арттыру, интернет-алаяқтықтың, қаржы пирамидаларының және алаяқтық схемалардың жаңа түрлерін, сондай-ақ осындай істер бойынша сот шешімдерін қоғамға жеткізу жұмыстарын күшейту және жүзеге асыру қажет.

Сөйтіп, еліміздің түпкір-түпкірінен түсіп жатқан интернет желісі арқылы туындайтын даулар көп.

Сот және құқық қорғау органдарының лексиконындағы «Дроппер» ұғымы интернет кеңістігінде алаяқтық күшейген сәттен бастап пайда болды.

Дропперлар – бұл басқа адамдардың қаражатын немесе құнды заттарды иемденіп, оларды иелеріне әдейі қайтармайтын адамдар.

Атап айтқанда, алаяқтардың әсерінен жәбірленушілер банктік және микроқаржылық қарыздарды дербес ресімдейді, тіпті белгісіз тұлғаларға ақшалай қаражат жібере отырып, өз мүлкін сатады.

Бұдан адал азаматтар зардап шегеді, бұл туралы Мемлекет басшысы 2024 жылғы қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында алаяқтықпен жалғасатын құқықбұзушылықтарға қарсы шешуші

шаралар қабылдау туралы тапсырма беріп, алаяқтың жолын кесу керектігін айтты.

Егер сотта қаражатты алу үшін негіздемелерді растамаған дропперлердің шоттарына ақша түсу фактісі дәлелденсе, онда олар алынған негізсіз байытуды қайтаруға міндеттейтін сот шешім шығарады.

Сөйтіп, жеке тұлғаларда, ірі ұйымдарда, соның ішінде банктік және микрокредиттік құрылымдарда Дропперлар бола алады. Дропперлардың рөлін бағаламау мүмкін емес, өйткені олар заңсыз әрекеттермен олардың тапсырушылары арасындағы делдалдар.

Дроппер ретінде әрекет ететін жеке тұлғалар, әдетте, қылмыстық көзден тапсырыс берушіге ақша аудару рөлін атқара отырып, өз қызметтері үшін ала алатын пайдаға алданатыны түсінікті.

Осыған орай, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы аудан тұрғындарын жеңіл ақша табамын деп алаяқтардың құрығына түсіп қалудан сақ болуға шақырамыз.

**Е.К.КАЗБЕКОВ,**  
**аудандық сот әкімшісінің**  
**жетекші маманы**

*Интернетқа үзгенгенимиз  
шунча, һәқиқәтән янфонсиз һаят  
кәчүрәлмәйдиган дәриҗигә  
йәттүк. Ятсақ-турсақ  
йенимиздин айримайдиган бу  
қурулғуни қуәтләшкә қойған  
һаләттиму, кешидин  
җсирақ кетәлмәй, қолимизга  
алғичә тәлмүрүп кетимиз.*

 **Сабирәм ӘНВӘРОВА**



Шундақ. Телефонимиз өчсә, худди вақит тохтап қалғандәк, өзимизни қоярға йәр тапалмай тит-тит болидигинимизму ялған әмәс. Бир һесаптин, һазир униңсиз ишимиз пүтмәс болди. Һәтта, биргә иккини қошсақму, телефонға сүйинип, бешимизни артуқ ағритмайдиган болдуқ. «Илгири адәмләр телефонсиз, интернетсиз қандақ һаят кәчүрдикиңә?» дәп қойимиз техни. Амма «Он күлқиниң бир жиғиси бар» дегәндәк, әмришимиз 180 градусқа өзгәрткән бу әжайип техникниң пайдисидин бөләк, зийиниму йетип ашиду. Тәнсаламәтлигимизгә тәсирини ейтмиғанда, һазир он баланиң тоққузи телефондин кәлмәктә.

Буниндин бир-икки жил илгири намәлум номердин кәлгән қоңғураққа жавап беримән дәп, мәккарларниң тузигиға чүшкила тазла қалғантим. У чағда өзини банк хадими сүпитидә тонуштурған алдамчи мениң наминдин кимду бириниң несийә елишкә өтүнүш билдүриватқанлиғини ейтқан. Әһвалниң алдини елиш үчүн тез арида униң ейтқанлирини орунлишим керәклигигә ишәндүрүп, интернеттин қандақту бир программини көчүрүп, янфонимға кәлгән кодни соригинида, пәриштәм кеңип, туюқсиз гуманим ойғанди. Дәрру банкқа телефон қилип, әһвални баян қилғинимда, сәл болмиғанда мәккарларниң

қармиғиға илинип, өзәм йемигән мантиниң хунини төләшкә тазла қалғанлиғимни чүшәндүрди. Шу бир вақиә маңа чоң бир савақ болған. Шуниндин кейин ариға айлар селип мундақ қоңғурақлар йәнә бир нәччә қетим қайтиланди. Бирақ мән авалқидәк мәккарларниң чөчигини тиңшап олтармай, дәрру алақини үзүп қутулидиган болдум.

Лекин бар мәсилә буниң билән тохтап қалғини йоқ. Әнди телефоним бәлгүсиз мақан-жайдин келидиган Һәрхил чүшиниксиз учурларға (смс) толмақта. Мәсилән, ахирқи учур 21-июнь күни келип чүшти. Униңда «Сизниң пакетиңиз қоймиға кәлди, бирақ мақан-жайиңиз толук йезилмиғанлиқтин йәткүзүш мүмкин әмәс. Төвәндики ссылкиға өтүп, мақан-жайиңиз тоғрилиқ әхбрәтни толтуруң, биз сизгә 24 саат ичидә йәткүзүп беримиз» дәп йезилған. Көк ссылқиниң астида болса, (Қазақстанның почта хизмити) дейилгән. Башта «Мән немигә буйрутма бәргән болғетим» дәп бешим қатқини раст. Кәйнидин буниң мәккарлар тәрипидин әвәтилгән учурлиғини

Дәриҳана – ауырғанда арқа сүйер жеріміз. Бірақ соңғы жылдары дәриҳана мен дәрі-дәрмек айналасында халықтың көңілінде күмән көбейді. Біреулер бағасының шарықтап кеткеніне наразы болса, енді біреулер жалған дәрілердің жайын айтып шырылдайды.

Осыған орай біз сала мамандарымен сөйлесіп, дәріхана мен дәрі саудасының қазіргі жай-күйіне үңілдік.

## ҚАЛТАҒА ЕМЕС, ХАЛЫҚҚА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЖҮЙЕ КЕРЕК

– Қан қысымына, буынға, асқазанға керекті дәрілерді алып жүргеніме он жылдан асты. Бұрын 5-6 мың теңгеге толық бір апталық ем-домымды алатынмын, қазір сол үшін кемі 15-20 мың жұмсаймын. Кейбір дәрілер апталап жоқ болып кетеді, барын табу үшін бірнеше дәріхананы аралаймын, – дейді зейнеткер А. Қасымова.

Ал дәрігер-фармацевт Р. Аманжолов: – Бізде кейбір дәріханалар бағаны өздері белгілей береді. Дәрі-дәрмектің шекті бағасы бар, бірақ оны барлық дәріхана сақтай бермейді. Әсіресе, жекеменшік дәріханаларда айырмашылық айқын. Мысалы, 1000 теңгелік препарат бір жерде 1700 теңге болуы мүмкін. Мұндай олқылық – мемлекеттік бақылаудың әлсіздігін көрсетеді, – дейді.

Дәрігерлердің айтуынша, қазір Қазақстанда жалған дәрі-дәрмек мәселесі де өзекті. Әсіресе, интернет арқылы сатылатын, сертификатталмаған препараттар адамдардың өміріне қауіп төндіріп отыр.

– Әлеуметтік желіде «салмақ тастайсыз», «қысымды бірден түсіресіз» деген жарнамаларға сеніп, белгісіз дәрілерді сатып алып, жағдайы ушығып келетіндер жиі кездеседі. Мұндай дәрілердің құрамында не бар екенін ешкім білмейді. Ал тіркелген дәрілердің өзі кейде

сапасыз болып шығып жатады. Мұның барлығы тұтынушының денсаулығына тікелей қауіп төндіреді, – дейді терапевт-дәрігер Салтанат Есенова.

Медицина саласында жұмыс істейтіндер де дәріхана қызметінің кейбір олқылықтарын айтып отыр. Көптеген аурухана мен емханалар дәріні тендер арқылы сатып алады. Бірақ кейде ұтқан компаниялар сапасыз немесе кешігіп келетін дәрілерді жеткізеді.

Мамандар пікірінше, баға саясатын реттеу үшін мемлекет шекті бағаны нақтылап, орындалуын қатаң бақылауы қажет. Сонымен қатар дәріханаларға тексеріс күшейтілуі керек, әсіресе жекеменшік дәріханаларда тексеру жиі жүргізілуі қажет. Қол жетімділік артылып, ауылдық жерлерге тегін немесе арзан дәрілер жеткізу жүйесі жетілдірілуі керек. Халықты ақпараттандыруда жалған жарнама мен тіркелмеген дәрілер туралы халықты үнемі ескерту маңызды.

Дәріхана – адам өмірімен тікелей байланысты мекеме. Оның жұмысы таза әрі әділетті болуы тиіс. Әрбір азаматтың денсаулығы – елдің байлығы. Сондықтан да дәрі-дәрмек саудасына бейжай қарау – болашаққа жасалған қиянат. Ал, бұл туралы Сіз не дейсіз, көзі қарақты оқырман?!

**С. БАЗАРҚҰЛОВА**

## МӘККАРЛАР МАРАП ЖҮРИДУ

чүшинип, йәнә бир тузактин сақ калдим.

Буниңғичә шу териқидики нурғунлиған учурларни оқуғачқа, мәккарларниң Һейлисигә оңайлиқчә алданмас боптимән. Амма алдиниң қеливатқанларму йоқ әмәстә. «Ишқа қобул қилинишиңиз билән тәбрикләймиз! Күндилик тапавитиңиз 400 – 500 миң тәңгә. Һәр күнлик иш Һәкқиңизни шу күни алисиз. Ишләш үчүн пәкәт смартфон керәк. Күнигә он минут вақитбөлүп, янфон арқилиқ оңай ахча тепишқа болиду. Толук әхбарат елиш үчүн төвәндики ссылкиға өтүн» яки болмиса, «Сизгә паланчи тәңгә чүшти. Йәттә минутниң ичидә ахчиңизни елип үлгириң...» дегәндәк көплигән учурлардин кейин, намәлум адрестин келидигән учурларни көргәндә, көңлүмдә көп чекит пәйда болидигән болди. Қараптин қарап талайларни зар қахшитип қоюватқан бухил учурлар санақлиқ секундниң ичидила қанчилигән адәмни белиғичә қәризгә патуруп, көк тийинсиз қалдурмақта десиңизчу? Рус хәлкидә «Һәксиз иримчик (сыр) пәкәт қапқандила болиду» дегән яхши сөз барғу. Бирақ пулға кәлгәндә Һәммимизниң көзи торлинип, лотореядин миллион утувалғандәк алдирап хошал болуп кетимиз. Әмәлиятта миллион утуватқандар санақлиқ, амма миллионини уттуруп қоюватқанлар санап түгәткүсиз.

Қолимиздики қиммәт телефонға қиммәтлик вақтимизни сәрип қиливат-

қинимиз аздәк, янфонниң кесиридин, ойлимиған йәрдин маңлай тәримиз билән тапқан тапавитимизни тәрк етишимизму бәк мүмкин. Чүнки бу ХХІ әсир. Бүгүнки күнниң оғрилириму «заманивий». Бурунқидәк янчук актуруп, сумка, қапчук оғурлап аварә болмайду. Телефон арқилиқла ишини пүтирип, һавадин ахча ясайду, халас.

**Р.С:**


**Жил бешидин бери елимиздә интернет арқилиқ алдашның 10 миңға йеқин дериги тиркилипту. Бу өткән жил билән селиштурғанда 4,1 пайизға көпмиш. Баш прокуратуриниң һоқуқлук статистика комитетиниң мәлуматичә, көпинчә хәлиқ онлайн сода-сетик яшаш пәйтидә алдиниң қалидикән. Алдашның йәнә бир кәң таралған түри – фишинг дәп атилиду дәйду мутәхәсиссләр. Йәни, мәккарларниң башқиларниң банк карточкилири вә башқиму шәхсий дерәкләргә қол йәткүзүшидин орун алидикән.**

**Жил бешидин бери, йәни алтә айниң ичидә фишинг бойичә 2,5 миңдин ошуқ жинайәт тиркилипту. Асасән интернет арқилиқ алдаш дериги Астана вә Алмута шәһәрлиридә көп йүз беридикән. Үстимиздики жилниң алтә ейидила, 9 936 дерәк ениқлинипту (униң ичидә 2619и – онлайн сода-сетик әкиветидин йүз бәрсә, 2614и фишинг). Йәнә бир факт – әң жуқури көрсәткүч Астана (2204) вә Алмута (1048) шәһәрлиригә тәәллуқ.**



# Ағайындылардың еңбегі еленуде

*Кетпен ауылдық округіне қарасты Құдық атты қыстақта бірнеше шаруа қожалығы түрлі қиындықтарға қарамастан, мал шаруашылығын табысты жүргізіп келеді. Солардың бірі – 2007 жылы құрылған «Самғар» шаруа қожалығы.*



Бұл қожалықты ағайынды Еркінжан мен Болатжан Тоқтарбек басқарады. Олар ірі қара мен ұсақ малдың бірнеше тұқымын өсірумен айналысады. Қыста Құдық пен Тастықар қыстауларында жүздеген сиыр, өгіз, қой, жылқы мен ешкі бағады.

Құдықтағы қыстақта малға Еркінжан мен оның отбасы қараса, Тастықарда шамамен жүзге жуық ешкі Болатжанның қарауында. Қожалықтың меншігінде 21 гектар жайылым, 5 гектар суармалы жер бар. Соның 2 гектарына мал азығына қажетті жүгері мен жоңышқа егілген. Алайда бұл көлем жеткіліксіз болғандықтан, шаруалар ауыл

тұрғындарынан қосымша шөп сатып алуға мәжбүр. Жыл сайын екі рет шөп шабылып, шамамен 500 түк шөп жиналады. Бірақ су тапшылығы салдарынан бұл да жеткіліксіз.

Ағайындылардың айтуынша, жаз мезгілінде екі құдықтан шыққан су тек суаруға емес, тұрмыстық қажетке де жетпейді. Мұндай жағдай Тиірмен, Ақтам, Ават ауылдарындағы қыстақтарда да байқалады.

– Электрлі сорғылар бұрыннан істемейді, ал өздігінен ағатын құдықтардың суы жылдан-жылға азайып барады, – дейді шаруалар. – Егер су жинайтын қойма салынса, бұл мәселе шешілер еді. Сонымен қатар, бізге жайылым жерлер қажет.

– Егер үш гектар жер берілсе, мал басын көбейтіп, шаруашылықты кеңейтуге мүмкіндік болар еді. Қазірше қолда бармен тірлік жасап, малды шөп және сабанмен өз күшімізбен қамтамасыз етіп отырмыз, – дейді олар.

Қиындықтарға қарамастан, Еркінжан мен Болатжан отбасылық кәсіпті дамытып келеді. Тарихи отанына оралған олар отбасыларының туған жеріне қоныстануы үшін көп күш жұмсады, ал балалар өздері айналысатын кәсіптің ебін тапты.

Әнел ҚАПАР

Замандаш

## МӘН БИЛИДИҒАН ТУРСУНАЙ ШУНДАҚ...

**Йеқинда, биз синипдашлар үчүн, тор бетиде «Синипдашлар» намлық топ курулди. Униң тәшәббускари Һели Ырмәтлик дәм елишта жүргән, ҚХА жәмийәтлик бирләшмиси Һисдашлиғиниң Кеңәш жутидики әзаси, миллий мәдәнийитимизниң жанкөйәри, Кичик Дехан йезисиниң турғуни пешкәдәм устаз Турсунай Һәмәева болуп, буниндин 60 жил мукәддәм оттура билим егилигән синипдашларниң учришишини мәйданға кәлтүрди. Бу топ әзалири Ташкәнт, Алмута вә униң әтрапида, шундақла һаһийәмиз тәвәсидә истиқамәт қиливатқан, йәни 80 яшқа тақап қалған инсанлардур. Бу учришиш һәққидә өз мәзгилидә алаһидә йезилди. Бүгүн тәшәббускар вә тәдбирчан Турсунай һәққидә сөз болмақчи.**

Ақ-қарини анчә пәриқ қилмайдиған балиларни партида түз олтарғузуп, һәрипләрни йезишқа үгитиш қанчилик еғир, мәшәқәтлик екәнлиги һәққидә парәң қилишниңму һажити болмиса керәк. Һәр бир бала ечилмиған сир. Уларниң мүжәз-хулқи, жүрүш-турушичу теһи. Устәзиниң асасий вәзиписи - әйнә шу гөдәкләрниң, йәни һәр бириниң тилини тепип, уларниң чүшәнчисини аддийдин мурәккәп қиллар давамида қелиплаштуруштин ибарәт. Һаятиниң қириқ жилини билим саһасиға беғишлиған Турсунай Һәмәева өзигә жүкләнгән шу мурәккәп вәзипини шәрәплик атқурди. Шагиртлирини жан дили билән сөйди, уларниң келәчәк камалини йүксәлдүрүшкә адил һәм вижданән әһмийәт бәрди. Өзиниң алий хисләтлири түпәйли жутдашлири, шагиртлири арасида иззәт-икрамға егә болғачқа, та мошу күнғичә устәз исмини мәмнун билән тилға алиду.

Турсунай һәкикәтән миллий мәдәнийитимизниң жан көйәри, пешкәдәм мәрипәтчи еди. У һәр қачан тапшурулған ишларни тиндуруп орунлайдиған, орунсиз сөзлимайдигән, мәдәнийәтлик, интайин тәләпчан һәм салапәтлик муәллим болған. Алаһидә тилға алидиған нәрсә, билим алғуси келидиған, амма шараити яр бәрмәйдиған оқуғучиларға алаһидә көңүл бөлүп, уларниң көңүллирини көтирип, билим елишқа интилдурадти. Оқуғучилири устәзини, муәллим шагиртлирини бәк қәдир тутидиған. Турсунайниң дәрәсигә қатнашқан һәр қандақ муәллим өзи үчүн пайдилик бир нәрсә үгинип, оқутуватқан балилиридин рази болуп чиқатти вә тәжрибилик устәздин үлгә елип ишләтти. Һә, шуңлашқа Турсунай жут-жамаәтчиликниң еғизидин чүшмәйдиған устәзға айланған.

Турсунай Һәмәева Уйғур һаһийәсиниң Кичик Дехан йезисида 1949-жили туғулған. Униң атиси - Сидик Һәмәев Улуқ Вәтән урушиға берип, нака болуп (аман) кәлгәндин кейин, жуттики («Октябрь» колхозидики) озук-түлүк амбириниң (склад) йетәкчиси болуп көп жиллар хизмәт қилған. Сидик ата билән Оғләм ана бәхитлик аилә егилири сүпитидә инақ яшап, 5 пәрзәнт (3 оғул, 2 қиз) сөйди. Пәрзәнтлириниң төртинчиси

болған Турсунай мәктәптә оқуватқандила муәллим болушни арман қилди. Шуңлашқа 1966-жили «Октябрь» наמידики оттура мәктәпни тамамлиғандин кейин, Ташкәнт шәһиридики ТашПИға (Ташкәнт педагогикилик институти) һөжжәтлирини тапшуриду. Бу билим дәрғаһини 1974- жиля муваппәқийәтлик тамамлап, биология пәни мутәхәссәслигини елип чиқиду.

Алий мәлуматқа егә болған Турсунай өз жутида шу жили устәзлик паалийитини башлайду. У сүпәтлик билим беришкә, һәр бир мавзуни әтраплиқ, әмәлий мисаллар билән чүшәндүрүшкә тиришатти. Униң шижаәтлик әмгиги жиллар өткәнсири камал тепип, һаһийә даирисидә тонулди. Униң иш-тәжрибиси мәктәп вә һаһийәдики устәзларға бир нәччә рәт һаһийәш қилинип, тәжрибиси таритилди.

Шу жилларда һәр хил йөһилиштики тәшвиқат-тәрғибат ишлирини йеза аһалиси арасида асасән муәллимләр жүргүзәтти. Турсунайму бу хилдики паалийәтләргә қоюқ арилишип, билим даирисиниң кәңлиги, пикир қилиш қабилйитиниң чоңқурлуғи билән көзгә чүшти. Шәхсән мән он жил синипдаш болғанлиғим үчүн, йәни һаһийәлик билим бөлүмидә инспектор-методист болуп ишләп жүргән мәзгилләрдә униң устәз сүпитидә өзгиләргә ғәмхорчи болған рапавитини, маһир тәшкилатчи екәнлигини көргән едим.

Турсунай турмуш еғирчилиғини көргәнликтинму яки өзигә тәбиәт әта қилған ақ көңүллиғиму, әйтәвир, турмуш шараити начар аилиләргә ғәмхорчи болушқа тиришатти. Шунин билән биллә у хошамәтчилик, һелиғәрлик дегәнни билмәтти. Виждан-ғурурини сахта абройға тегишмәтти. Дайим ғәрәзсиз, миннәтсиз яр-йөләк болушқа тәйяр еди. Пак көңли, дана ойлири, иллиқ сөзлири арқилиқ әтрапидикиләрниң диққитини өзигә қариталайдиған, ақ-қарини илға қилиш ихтидариға егә истидатлик устәз еди.

Мән бу мақаләмдә Турсунай Һәмәеваниң узун жиллик устәзлик паалийитигә әтраплиқ тохталмидим. Бу йосунда гәп қилғанда, пәкәт униң пүтқүл һаяти давамида мәнсәп-мәртвигә, атақ-унванға интилмиғанлиғини, мәхсити - келәчәк егилиригә пухта билим вә аңлиқ тәрбийә бериш болғанлиғини ейтсам, шуниң өзи купайә дәп ойлаймән. Униң қолида тәһсил көргән йүзлигән шагиртлириниң алий билим орунлирини тамамлап, елимизниң түрлүк иш саһалирида хизмәт қиливатқанлиғи шуниң ярқин мисалидур.

Турсунай аһалә арасида хәлқимизниң урпи-адәт, әһһәнилирини тәрғип қилишта, әлгә хизмити сиңған жутдашлириниң исимлирини әбәдийләштүрүштә, миллий нәширләргә муштир топлашта нурғун күч чиқарди. У, хусусән, һаятниң барлиқ синиғиға бәрдашлиқ берип, тосқунларни йеңип, улардин ғалип чиқип, өзини тонутқан әзимәтләрни, шундақла ғурури билән қәддини тик тутуп, жутқа үлгә болған әжайип тәдбирчан инсанларни мәһһийиләшни билди.

Турсунай 2007-жили һөрмәтлик дәм елишқа чиксиму, жут хәлки униң тәдбирчанлиғини алға тартип, теч олтарғузмиди. Жутта жәмийәтлик һисдашлиқ бирләшмисиниң әзаси, ханим-қизлар кеңишиниң рәиси, жуттики нураний анилар кеңишиниң рәиси охшаш



жәмийәтлик ишларда ишләп кәлди. У һаһийәлик уюштурулған түрлүк мәзмундики миллий урпи-адәткә бағлиқ ишларға дегилик қатнишип, униңға жутдашлирини тәйярлап апирип, бир нәччә қетим һаһийәлик мукапатлиқ орунларға муйәссәр болди. Бүгүнки таңда жутта мөтивәр ана атилип, тәвәдики яшларға өзиниң билгәнлирини үгитип, һәр қандақ вәзийәт вә сәнәләрдә, дәстихан төридин орун елип, өзиниң «нураний ана» һөрмити билән мәслиһитини, нәсиһитини мубарәк дугаси арқилиқ берип, йол көрситип кәлмәктә.

Һәр қандақ жәмийәтлик ишларниң иштракчиси вә тәшәббускари болуп қиливатқан Турсунайға жәмийәтлик тәшкилатлардин берилгән «Искер әйел», «Халық мұғалимі», «Сахавәт», «Мейірімді ана» охшаш медалылири, йәрлик вә һаһийәлик мәмурийәтләрниң бәргән тәшәкқурнамилири билән маддий соғилири йетәрлик. Бу тәғдирләшләр көпчиликниң Турсунайға болған миннәтдарлиғиниң испати болса керәк.

Турсунайниң хәлиқ мәнпийити үчүн болған ишиниң камал тепишиға мәдәт берип, қоллап-қувәтлгән һаяттики ишәшлиқ жүпи, йәни йезиниң мәдәнийити билән тәрәққиятиға бир кишилиқ һәссисини қошқан, илғар шофер-механизатор Таллин Сасиковтур. Булар 1979-жили аилә куруп, төрт пәрзәнт сөйгән. Қизи Гүлнигара - ана изини бесип география пәниниң муәллими, Пархат – һаһийлик ички ишлар бөлүмидә майор унванидики тәрғәвчи, Қудрәт – физкультура институтини түгитип, һазир «Сайман» компаниясидә, Шөһрәт – АЖК компаниясидә электрик охшаш ишларда ишләйду. Таллин билән Турсунай балилиридин 10 нәврә қучқан бәхитлик бова-момилардур.

Мән билидиған, он жил биллә оқуған, Ташкәнт шәһиридә алий дәрғаларда биллә тәһсил көргән, шундақла ижтимаий-сәясий, миллий дәстүрләрни (әһһәниләрни) мукәммәл егиләп, жутдашлириға тәрғибат-тәшвиқат қилип жүргән, бүгүнки таңда Кеңәш жутидики «Асыл ана» жәмийәтлик һисдашлиғиниң рәиси болуп қиливатқан Турсунай Һәмәеваниң ишини улуқлап, жутдашлар наминиң тениға саламәтлик, аилисигә хатиржәмлик, хәлиқ ишәнчә билән тапшурған ишиға муваппәқийәтләр тиләймиз.

Ахирида ейтаримиз, һармаң замандаш, сиздәк қәдди пүкүлмәс, ирадиси жошқун синипдашларниң барлиғи билән пәхирлинимиз!

Худавәди МӘҢСҮРОВ



# ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫНА БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАУ ЖАРАМАС

Ауданымыздың табиғаты Жаратушының бізге берген үлкен сыйы. Орман, тоғайымыз, ыстық шипалы суымыз, аң мен құсқа толы тауларымыз біздің туған жердің баға жетпес байлығы. Сол байлықты одан ары көбейтіп, гүлдендіріп, келешекке мұра ретінде қалдыру үшін барлығымыз атсалысқанымыз дұрыс. Биылғы шілденің аптап ыстығы көптеген адамдарды тауға қарай, салқын судың жағасы мен орманды жерлерге жетеледі. Демалушылардың қатары арта түсті. Қырғызсай тауының етегі демалушылар мен саяхаттаушыларға толды. Табиғат аясында тыныққан өте жақсы. Дегенмен жаққан оттарын өшіріп, босаған бөтелкелерін, тамақ қалдықтарын жинастырып, таулы аймақтың ластанбауына да көңіл бөлген абзал.



Өрт – тілсіз жау. Өрт – адамдардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға зиянын тигізетін алапат апат. Айтып келмейтін апат табиғатымыздың таптырмас байлықтарына үлкен зиянын келтіреді. Оның салдары өте көп. Өрт оқиғасына, негізінен, тұрғындардың салғырттығы, көлік иелерінің темекі тұқылын сөндірмей жол жиегіне тастауы, жеке шаруашылық техникаларының жер жырту кезінде істен шығып, ақаулары кесірінен оттың ұшқындауы секілді мәселелер себеп болады. Өрттің кесірі көптеген залалға алып келетінін біле тұра кейде селқостық танытамыз. Бұған бей-жай қарауға болмайды. Айтып келмейтін апаттардан сақтану да күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі. Сондықтан, қай кезде де тілсіз жауға тосқауыл қажет. Күннің күрт ысуына байланысты табиғи өрттердің орын алу қаупі арта түседі. Аптапта ыстық пен қуаңшылық кезеңінде ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңызы өте зор. Өрттердің көбі орман қорына көршілес орналасқан шаруа қожалықтары және ауыл шаруашылығы ұйымдарына тиесілі шабындықтарда өсімдік қалдықтарын жағу салдарынан

да болып жатады. Адами фактордың салдарынан табиғат аясында демалушылар мен тұрғындардың өрт қауіпсіздігін сақтамауы да орын толмас оқиғаларға ұрындырады.

Өрттің де, судың да артында адамның тағдыры тұр. Әсіресе жаз мезгілінде дала ыстықтан күннен-күнге күйіп барады. Қуаңшылық орын алған жерде өрттің өршитіні бесенеден белгілі. Шөптердің жануына далада жатқан шыны, сынық әйнектердің қызуы, жол бойында автокөліктерден лақтырып кеткен өшірілмеген темекі тұқылдары, найзағай, шөп ору жұмыстарына қатыстырылатын тракторлар мен агрегаттардың жарамды шөк өшіргішпен жабдықталмауы себеп болуы ықтимал.

Қас-қағым сәтте қалың орманның өзін күлге айналдырып жіберетін өрттің адам үшін қаупі басым. «Қазақстан Республикасының ормандарындағы өрт

қауіпсіздігі» ережесіне сәйкес, жас ағаштар, кесілген ағаш қалдықтары мен дайындалған кеспе ағаштар, шөбі қурап қалған жерлер маңайында от жағуға тыйым салынады. Орманды өрттен қорғау – әрбір адамның міндеті. Өрттің кесірінен болатын зардаптардың орнын толтыру мүмкін бола бермейтінін әр адам ұмытпағаны дұрыс. Өз өміріміз бен жақындарымыздың өміріне, маңдай термен жинаған материалдық құндылықтарымызға жауапкершілікпен қараған жөн. Таудағы тәртіп пен өрт қауіпсіздігіне, орманды алқаптардың ластанбауына бірден-бір жауапты тұлға ретінде тауға келушілерден тазалықты талап етемін. Темекі тұқылы мен қазанның астындағы оттың шоғын өшіруді ұмытпаңыздар. Әкелген тағамдарыңыздың қалдықтарын қалдырмаңыздар. Жанатындары болса қазаның астына салып жағып тастаңыздар. Бөтелке, шыны ыдыстарыңызды ұмыт қалдырмай көліктеріңізге салып алыңыздар.

Жердегі апаттың, қасіреттің бірі – адамның қадағалауынан шығып кеткен өрт, ол – жер бетіндегі тіршіліктің жауы. Өрттің артында қайғы-қасірет пен өртенген заттардың қалдығы қалады. Қадағаланбаған өртте аңдар мен құстар, өсімдіктер жойылады, адам қолымен салынған ғимараттардағы өртте адамның өмірі мен денсаулығына қатер төнеді. Сіріңкемен ойнаған қараусыз бала, өшірілмеген от немесе тасталған темекі тұқылы өрт қаупін төндіретінін ойламаймыз. Өрттің басты себептерінің бірі – от ошақтарын пайдаланудағы салақтық. Қазір ауа-райы жылынған сайын отты азырақ жағады, бірақ одан өрт шығу қауіптілігі азаймайды. Адамдардың өртке мұқият қарауы мен айналасындағы қоқыстарды белгіленген жерге тастауы, тазалықты сақтауы адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сондықтан таулы аймақтардағы ағаштарға қамқор болып, жасыл желектің кесіліп кетпеуіне назар аударып, өрт қаупінен аулақ болайық.

**Берікбол ЧЕРҒАЛИЕВ,**  
**Подгорное орманшылығы 5-ші**  
**айналым орман күтушісі**

## ЧЕЛОВЕК ТРУДА

**В агропромышленном секторе немало важных профессий, без которых невозможно развитие растениеводства, животноводства, переработки сельхозпродукции.**

**Главным среди них являются поливальщики, играющие ключевую роль в росте растения, получении высокого урожая. В Диирменском сельском округе мы нашли такого специалиста прямо на поле. Это работник крестьянского хозяйства «Ғани» Еркин Утеулиев.**

 **Асель МУКАШЕВА**

Каждый его день начинается с рассветом, когда первые лучи солнца освещают поля, а труд на земле становится неотъемлемой частью его существования. Он знает, что от его усилий зависит не только урожай, но и благополучие крестьянского хозяйства.

Вооружившись кетменем, Еркин Аулбекович спешит на поле, площадью семь гектаров, чтобы напоить пшеницу и люцерну, дабы зеленые ростки вытянулись, окрепли и в нужный час породавали хорошим урожаем.

По словам Е.Утеулиева, за пять лет работы поливальщиком он твердо уяснил, что правильный полив способствует увеличению урожайности, сохранению ресурсов путем эффективных методов орошения в условиях нехватки воды, поддержанию здоровья растений.

– Наша профессия требует не только физической выносливости, но и знаний о сельхозкультурах, климатических условиях и технологии орошения, – говорит поливальщик. – С рассветом я выхожу в поле вместе с напарником. Мы стараемся обеспечить оптимальный уровень влажности почвы. Вот как раз это поливальщик должен уметь оценить и определить, когда растения нуждаются в поливе. При этом важно учитывать погодные условия, тип почвы, потребности каждой культуры и в соответствии с этим адаптировать график полива.

Орошаем мы без использования оборудования, просто по старинке – с кетменем в руках. Потому как площадь полива небольшая, да и арык рядом с полем. В случае прорыва, быстро устраняем неисправности, чтобы минимизировать потери.

Закончив дела в поле, он отправляется на сенокосные угодья, где всю кипит работа. Местные фермеры успешно осваивают новые виды трав и тем самым улучшают качество корма, повышают продуктивность животноводства и увеличивают доходы. А это значит – укрепляется продовольственная безопасность, растет благосостояние сельских тружеников, умеющих ценить каждую каплю пота, каждый трудовой час.

– В проведении сенокоса нам помогает сельхозтехника, благодаря которой весь процесс значительно ускоряется, – рассказывает Еркин Аулбекович. – Знаете, сенокос – это не только труд,



но и праздник, в ходе которого жители обмениваются опытом, демонстрируют свои навыки и просто общаются, укрепляя дружеские связи и сохраняя наши традиции.

Для них труд на родной земле – это больше, чем просто работа. Это образ жизни, требующий терпения, усердия и любви к родине.

Передавая свои знания детям и внукам, Еркин Утеулиев обучает их уважению к

земле и труду. В его семье соблюдаются обряды, связанные с посевом и сбором урожая, которые формируют не только личность труженика, но и целую культуру, а также помогают сохранить связь с предками, укрепить единство сельчан. Ведь праздники по случаю окончания жатвы или начала посевной всегда были, есть и будут важными событиями, объединяющими людей разных поколений.



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ШАРУА  
ҚОЖАЛЫҒЫ 1,5 МЛН ТЕҢГЕ  
СУБСИДИЯСЫН ҚАЙТАРЫП  
АЛДЫ

Алматы облысында орналасқан шаруа қожалығының мемлекеттен алуға тиіс 1,5 миллион теңге көлеміндегі субсидиясы төленбей келген. Алайда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті араласқаннан кейін кәсіпкердің құқығы қалпына келтіріліп, тиісті қаржы толық көлемде төленді.

Департаментке қызмет алушыдан келіп түскен шағым негізінде тексеру жүргізіліп, 2024 жылдың қазан айында берілген өтінімге, субсидияны төлеуге арналған қаржы тек 2025 жылдың ақпан айының басында бөлінгені анықталды. Дегенмен қаржы қолжетімді болғанына қарамастан, жауапты мемлекеттік орган тиісті ақпараттық жүйе арқылы төлем тапсырмаларын (төлем шоттарын) уақытында қалыптастырмаған.

Осылайша, «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша субсидия қызмет алушыға Департаменттің ұсынысы негізінде төленді.

Аталған жағдай Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті азаматтардың құқықтарын қорғау және мемлекеттік қызметтердің сапалы көрсетілуін қамтамасыз ету жолында жүйелі жұмыс атқаруда.

А.ҚАСЫМБЕРКЕБАЕВ,  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің  
Алматы облысы бойынша департаментінің  
Мемлекеттік қызмет көрсету  
басқармасының бас маманы

ЛОМБАРДҚА СЕНІМ АРТУ  
ҚАУІПТІ МЕ?

Қазіргі қазақ қоғамында «ломбард» деген сөз – жай ғана қаржылық ұйымның атауы емес. Бұл – тығырыққа тірелген адамның соңғы үміті, болашағына балта шапқан несие, алтынға байланған мұң, шындыққа айналған әлеуметтік трагедия.

Бірақ қызығы – бұл құрылымдардың атауы көбіне «Береке», «Көмек», «Сәлем», «Асар», «Ел-Дана» сияқты жүрекке жылы естілетін, қазаққа етене сөздермен аталады. Жұртшылықтың сеніміне ену үшін мұндай атаулар қажет болғанымен, шындық мүлде басқа: атауы – қастерлі, ал қарекеті – қатал.

Ломбардқа кім барады? Көбіне банктен несие ала алмай, тұрмыс тауқыметін тартып жүргендер. Бастапқыда бар болғаны бірнеше күндік не апталық қаржылық демеу керек болғанымен, ол сәтсіздікке ұласқан несиеге, кейін алынбай қалған кепілге айналады.

– Ломбард – әлеуметтік әлсіз топтарға арнап құрылған қаржылық институт емес. Бұл – жылдам пайда көзіне айналған бизнес. Мұнда кепілсіз ақша берілмейді. Сондықтан ломбард клиенттері өздерінің ең бағалы дүниесін – алтын бұйымын, техникалық мүлкін кепілге қойып барып қарыз алады. Ал оны қайтарып алуға кейде мүмкіндік болмайды, – дейді қаржы сарапшысы А.Мусин.

2025 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстанда 908 микроқаржы ұйымы тіркелсе, оның 480-і – ломбард.

Ал 2023 жылғы елдегі ломбардтардың табысы 252 миллиард теңге болса, 2025 жылы – 420 миллиард теңгеге жеткен. Бұл олардың жабылып жатқанын емес, іріленіп, нарықты өзара бөлісіп алып жатқанын білдіреді.

Сарапшылар сөзінше, ломбардтардың жалпы несиелік портфелі 2,5 триллион теңгеден асып отыр. Бірақ олардың жалпы капиталы 268 миллиард теңге ғана, бұл активтерінің небәрі 25 пайызына тең. Яғни, тәуекел бар, ал сақтандыру аз.

Қазақтың қасиетті сөзін иемденіп, халықтың соңғы алтын сырғасын пайда көзіне айналдырған ломбардтар жүйесі – бүгінгі әлеуметтік теңсіздіктің көрінісі ме дейсің?! Қалай дегенмен, оларды заңмен реттемей, жауапкершілікті күшейтпей, елімізде әлеуметтік әділет орнамайтыны рас. Парламент пен Үкімет ломбардтарға жеңілдік емес, нақты талап пен қатаң бақылау орнататын заң қабылдауы керек. Себебі бұл – тек қаржылық емес, әлеуметтік және адами мәселе.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Н.СЕЙДАХМЕТ, әлеуметтанушы: – Халық «Асар», «Береке» деген атауды көргенде, бейсаналы түрде жақсылық күтеді. Бірақ шын мәнінде, ол жақсылық емес – жоғары пайыз, қатаң шарт және кешігіп қалсаң – заттан айырылу. Мұндай атаулар тек сенімге кірудің құралы болып отыр. Бұл – ұлттың қасиетті сөздерін коммерциялық мақсатта пайдалану.

С.БАЗАРҚҰЛОВА

## ӘКЛИМИЗ СҮНЬИЙЛӘШМИСУН


Назир XXI ғасыр деп есептеуге кәйран қалмайды дегенді білдіреді. Бір сәттегі бәсеке болды, өзі ишләйдыған техникалар ыаятимизни 360 градусқа өзгәрттивәтти. «Адамның әқли йәтмәйду» деп қойғанимиз билән, әмәлиятта шуньң барлиғи адамның қолида ясалған.

Сабирәм ӘНВӘРОВА

Буниндин бираз вақит илгири сиңлим қаттиқ кәйран қалған әлпазда «Һәдә, Chat GPT Һәтта уйғурчини чүшинидикән» дегән йеңиликни йәткүзди. Бирақ уньң бу хәвиригә нисбәтән мән қандақ жавап қайтураримни билмәй, һаң-таң болуп турупла қалдим. Сәвәви, «Chat GPT» дегәнниң немилигини чүшинип турсам өләй. Сәл ойлинип, «Немә у Chat GPT дегән?» деп соригинимда, сиңлим өзини басалмай қаттиқ күливәтти. «Адамни күлдәрмигинә Һәдә, Chat GPT дегәнниң немилигини техичә билмәмсән немә?! Замандин қапсәнғу» деди өзәмдин бари-йөқи үчлә яш кичик кериндишим. Уньң бу сөзлиридин кейинсәл хижил болуп қалдим.

Кейин сиңлим телефонини ечип, XXI ғасырниң мән билмәйдиған йеңилигини маңа чүшәндүрүшкә киришти. Бир сөз билән ейтқанда, «Chat GPT» дегинимиз әсли сүнһий әқилкән. Йәни, у түрлүк соалларға язмичә жавап қайтуруп, ярдәм қилидиған, Һәтта мурәккәп тапшурмиларниму орунлашқа қадир чат-ботмиш. Интернетни ечип қарисам, инглизчә толук атилиши – «Chat Generative Pre-trained Transformer» деп туриду. Бизчә бу «Чат түзидиған, алдин ала оқулидиған трансформер» деп тәржимилиниду. Буниндин икки жил илгири «OpenAI» ширкити ойлап тепип, коллинишқа киргүзгән чат-бот ишқа қошулуп бир Һәптигә толар-толмас вақитниң ичидила миллионлиған адамниң пайдисиға яриған. Шуниндин бери «Chat GPT» вә «OpenAI» сөзлири Google Trends колланмисида әң көп издилидиған ибариләрниң қатаридә екән.

Сиңлим ейтқандәк, бүгүнки күндә аталмиш чат-бот Һәрхил яштики инсанларниң әң йеқин ярдәмчисигә айлинипту. Аз вақит ичидила адәмләр уньң билән сөзлишип, түрлүк тапшурмиларни орунлитишқа адәтләнгән. Хәткә



жавап қайтуруш, эссе, шеир, нахша, сценарий, тамақ рецепти, оқуш программиси, бизнес лайиһә дәмсиз, Һәрқандақ тапшурминиңни санақлиқ минутларниң ичидә тәйярлап беридиған сүнһий әқил, Һәтта, күниңизни режиләп, Һава райиға лайиқ кийидиған кийимиңизғичә дәп беридикән. «Мән ойдин чиқиштин илгири Chat GPTға йезип, шуньң мәслиһитигә қарап кийинимән» дәйду сиңлим. Това, у аздәқ оқуштин өйгә берилгән тапшурмиларниму уньңсиз орунлимайдиқән. Қисқиси, бу трансформер сиңлимгә охшаш миңлиған, миллионлиған студентларниң Һәм мәктәп оқучилириниң өмригә чоң йеникчилик елип кирипту. Мундақ тәйярға кәйяр болидиған чат-бот турса, кимниң өз бешини қатүргиси келиду дәйсиз?! Һәтта, оқуған-тоқуған, қолида дипломи бар Һәрхил кәсип егилириму Chat GPTни пайдилинишқа қарши әмәс. Балиларға билим беридиған устазларчиғи сүнһий әқилни өз пайдисиға яратмақта екән. Бир һесаптин, буниңға Һәжәплинишкиму болмайду. Чүнки бу Һәммигә қол йетимлиқ вә рухсәт қилинған программа.

Өз бешим, қандақту бир чат-ботниң мунчивала «қудрити» барлиғиға бирдин ишинип кетәлмидим. Немила дегән билән у – сүнһий әқил. Адәмниң өзи камчилик билән яритилған турса, адәм ойлап тапқан нәрсиниң мукәммәл болуши мүмкинму?! Дәрру сиңлимниң янфонини қолумға алдимдә, уйғурчә билидиған чат-ботни тәкшүрәп беқиш мәхситидә, уньңға бир соал яздим. Дегәндәкла, сиңлимниң ярдәмчиси жавапни көп күткүзмиди. Бирдәмлида бир қанчә абзацин тәркип тапқан әхбаратни тәйярлап бәрди. Лекин

биринчи абзацин оқупла, гуманимниң орунлук екәнлигигә көзүм йәтти.

Андин кейин, чат-ботниң қазақчисиниму тәкшүрәп көрмәкчи болдум. Бу новәт «Тәуелсиз Қазақстан» дәп яздим. Хош, қазақчә жавапқа қанаәтлинишкә болиду. Биринчи абзацин мисалға алайли: «Қазақстанның тәуелсиздиги 1991 жылы 16 желтоқсанда жарияланып, елдің тарихында жаңа кезең басталды. Кеңес Одағы ыдыраған соң, Қазақстан өз алдына дербес мемлекет ретинде дамуды қолға алды. Тәуелсиздікке қол жеткізу Қазақстанның халықаралық деңгейде өзіндік орны бар мемлекет ретинде танылуына жол ашты. Елдің алғашқы президенті Нұрсұлтан Назарбаев басқарған жылдары жаңа астана – Нұр-Сұлтан (қазіргі Астана) қаласының іргесі қаланды, ал Қазақстан БҰҰ-ның мүшесі атанып, ядролық қарудан бас тартты» дейилгән.

Байқигиним, ChatGPTниң қазақчиси яман әмәстәк. Умумән, русчә, қазақчә соаллириңизға көңүлдикидәк жавап тепишқа болиду. Амма уйғурчисини үстидин тәкшүрәп, «тәбийй» әклимиз билән сүзгүдин өткүзүп пайдилиғанғинимиз дурус. Уйғур болуп туғулған уйғурларла әмәс, аләмни кәйран қалдурған ChatGPTниң өзи уйғурчини дурус чүшәндүрәлмәйватқиниға қариганда, тилимиз Һәқиқәтән шундақ кийин охшайду... Қисқиси, уньңсизму уйғурчимиз калләклишип кетиватқан заманда, сүнһий әқилни әмәс, өз әклимизни ишқа қошсақ тоғра болғидәк.

Хуллас, чат-ботларниң толуги билән адәмниң орнини алмаштуралмайдиғанлиғи илим йүзидиму дәлилләнгән. Һәтта, ChatGPTни қураштурғучиларму уньң барлиқ жаваплириниң бирдәк тоғра чиқмайдиғанлиғини әскәртипту. Демәк, сүнһий әқилгә сүйинивелишқа болмайду. Уньң пайдисини дәймиз дәп, келәчәктә нан тепип йәватқан ишимиздин айрилип келишимизму Һәтимәлкән. Экспертларниң пикричә, алдики вақитта сүнһий әқил биртүркүм кәсип егилирини хизмәтсиз қалдуруши мүмкин. Көрүп турғинимиздәк, Һәддидин ташқири тәрәққиятниң пайдисиму, зийиниму көп. Әң ямини, чат-ботларни пайдилиниватқан оқуғучилар вә студентларниң өзлигинин ойлаш қабилйитидин айрилиши. Биз «Яшлар китап оқумаюду!» дегән мәсилә үстидин баш қатүруп жүрсәк, йеңи дәвир әвлатлири дәрисниму өз күчи билән оқумаюдиқән әмәсму?.. Улар үчүн тапшурмиларни чат-ботлар тәйярлап беридикән.

Зәди әклимниң йәтмәйватқини, заманивий яшлиримизниң интернетни өз пайдисиға яритиватқанлиғиға хошал болишимизму, йә сүнһий әқилниң тәсиридин әқилсиз әвлат тәрбийилиниватқанлиғиға хапа болишимизму?!





Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлтық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, өлкетанушы

Жалпы, Құрман баба туралы ақпарат құралдары енді ғана сөз ете бастады. Ал шын мәнінде ол туралы -аңыздар мен әфсаналар, әңгімелер оның көзі тірісінде ақ елге тарап, атадан балаға айтыла отырып, бүгінгі күнге жеткен.

Құрманның әкесі Әлмерек қазақ елі үшін туған, өнірге әйгілі әулие-билердің бірі. Қазіргі Әлмерек ауылындағы (бұрынғы Қаракесек) мазарына адамдар күн сайын әр жерден келіп тәу етіп, бастауынан сү ішетіндігі, дәтке қуат, жанға шипа бола ма деп түшемелдейтіні соның белгісі. Өйткені, Әлмерек Райымбек батырға бата берген, сол батасы қабыл болған. Осы тарихи шындықтың өзі Әлмеректің аузы дуалы әулие, айтқаны келетін сәуегей екендігін дәлелдейді. Сондай қайталанбас тұлғадан туған Құрманға да атаның қаны арқылы көптеген қасиеттер берілген. Осы орайда ел ішіндегі ақсақалдар айтып отыратын Құрман жайлы әңгімелерден құлағдар еткіміз келді.

## БІРІНШІ АҢЫЗ немесе САРЫ БИДІҢ БАТАСЫ

Құрман дүниеге келерде Әлмерек ел аралап айттап кеткен екен. Айттың үшінші күні түс көреді. Түсінде биік таудың басына шығып алып жан-жағына қарап тұрса, алыстан қарайып бір құс ұшып келе жатады. Әлгі жакындай бере қанатының асты эппақ қыранға айналады. Әлмерек қолын созса, қыран келіп оң қолына қонады. Қауырсынын сипап отырса, төмен жақтан қалың қарға қаптап келіп қалған екен. Сол сәтте қыран алып қара құсқа айналып:

– Арқама мін, – депті.  
– Уай, мен құсқа мініп көрмеп едім, – десе, құс жауырынын жайып жата қалыпты. Әлмерек алып қара құсқа мініп қалың қарғаға қарай ұшады. Алып қара құс қалың қарғаны қанатымен үстіне қоныпты. Әлмерек жерге түскенде құс қанатын қағып көтеріліп кетіпті. Орнында құр секілді сұлу құс қалыпты. Сол сәтте Әлмерек оянып кетеді.

# ҚҰРМАН БАБА

## ЕКІНШІ АҢЫЗ немесе ҚҰРМАННЫҢ БЕСІГІ

Әлмерек тұңғышына бесік жасату үшін жұрт «ерекше жаратылған адам» деп киелі санайтын Жартының еліне адам жіберіп, оның немересі Таңатарды әдейі алдырыпты. Таңатар темірдің тілін тапқан қара ұста, ағаштың сырын ұққан ақ ұста, алтын мен күмістің құпиясын білген зергер екен. Әлмерек арнайы тіктірген дүкенде Таңатар түней жатып іске кіріседі. Қабаққа біткен қайыңнан жұмырлап жонып бесіктің арқалығын, қарағайдың ұрғашысынан тақтайша тіліп, төсенішін жасайды. Басы мен аяғын талдан иіп, бұрын ешкім көрмеген ғажайып эппақ бесік құрастырады. Шындығында, әлгі бесік күндіз күннің, түнде айдың сәулесіне шағылып, үнемі жарқырап тұрады екен. Содан барып «Таңатар иген тал бесік, Құрман жатқан ай бесік» деген қанатты сөз тарайды. Таңатардың даңқы бұрынғыдан да артады.

(Таңатардан тарайтын тоғызыншы ұрпақтары – ағайынды Күлменовтер де бүгінде аттары әлемге жайылған ұсталар).  
Әлгі бесікте жатқан Құрманға да Алланың нұры жауып тұрғандай болады екен. Мұны анасы ешкімге көрсетпей, бесікті үнемі жауып ұстапты. Құрман жатқан бесікке кейін балалары Мәмбет те, Үмбет те, Қара да жатыпты. Қара жатқанда да бесік ерекше жарқырып тұрған екен. «Құрманның бесігінен ай кетпеген» деген тәмісіл сол заманнан бүгінге жеткен. Таңатар иген тал бесік Құрман жатқан ай бесікке бөленгендердің ұрпақтары тегін болмаған. Шындығында, Орынтай, Түменбай, Алпар, Шалтабай, Саурық, Ұзақ бұлардың бәрі қазақ халқының азаттығы үшін қол бастап, күреске шыққан батырлар екендігі тарихтан белгілі.

Атадан қалған киелі мұра ретінде кенжесі қараның шанырағында қалған айбесік Қарадан Орынтайға, одан Құлетке, Құлеттен Алпысбайға, Алпысбайдан ең кенжесі Ағыбайға ауысыпты. Ағыбайдың ауылын кеңес үкіметі үш рет кәмпескелеген. Соңында жабулы тұрған бесікті далаға алып шығып қиратып, отқа лақтырғанда басынан жарқыраған ай секілді зат ұшып барып оттан аулақ құлапты. Қызылдың екі солдатy әлгіге таласып қалыпты. Сөйтсе, ол зат тап-таза күміс екен. Екеуі төбелесіп, бірін бірі ала алмай, сайға барып қылыштасып, жеңе алмаған соң, ақыры атысып, біреуі өліп, тірі қалғаны күмісті қалтасына салып алып қашып кетіпті (айтушы – Ағыбай немересі Сайлау).

## ҮШІНШІ АҢЫЗ немесе ҚҰРМАННЫҢ ҚАРА ҚҰСЫ

Құрман шындығында ерекше жаратылған. Әкесінің түсі тегін болмай, құс атаулыға өте жақын болыпты. Ол сапарға шықса, төбесінде қара құс ұшып жүреді екен. Жас күнінде қыстың күні жалғыз аңға шығып, оралмапты. Әлмерек ұлын іздеп тауға кетіпті. Биік таудың басына шықса, бөктерде жалғыз қара құс қалықтап жүріп алыпты. Әлмерек жеделдетіп әлгі төңірекке келсе, баласы таудан құлап, аяғын мертіктіріп, тұра алмай жатыр екен. Сонда Әлмерек:

Аңға жалғыз аттансаң, ауда қаласың, жауға жалғыз аттансаң, торда қаласың, – дегенде, Құрман: – Өке, мен жалғыз жүрген жокпын, қасымда қара құсым бар, – депті. Әлмерек көкке қараса, манағы қара құс қалықтап жүр екен (аңызды айтушы – Көксайдағы Қалыбай қария).

Аңыздың оқиғасына түгел сенейін десең, өз көзіңмен көрген жоқсың, сенбейін десең әу баста көзімен кергендер айтып де, еріксіз бас шұлғысың. Бас шұлғытатын тағы бір рас нәрсе қалдырған соң онда әйтеуір бір шындықтың барын түсінесің кейіпкердің өмірде болғандығы. Аңыз кейіпкері өмірде болған соң оның басынан кешкен оқиға да хақ нәрсе секілді көрінеді. Бәлки осы бір азғантай ғана сенім ұрпақ санасының сабақтастығын ұстап тұрған шығар деп те ойлайсың.

«Аңыз түбі ақиқат» деген мәтелге де, өткеннен қалған 212»-дегі Құрмантөбенің тұсына алғаш үй салғандардың бірі – аңызға да сенбесеңіз, мына әңгімеге құлақ түріңіз. «Шаңырақ Дүйсенбай Сығай деген азамат. Мамандығы тарихшы. Жасы қазір қырықтың ішінде. «Шаңырақтың» алғашқы тұрғындарының бірі сол Дүйсенбай айтады: «Құрмантөбе біздің балконнан көрініп тұратын ол кезде. Қазір ғой айналасына үй салынып кетіп, көрінбей қалғаны. 1994 жылдың күзі. Аспан бұлттанып, жер әлем тұманданып, Абай атамyz айтқан «сұр бұлт түсі суық қаптайды аспанның» нағыз болып тұрған сәті еді. Мен қос қабатты үйімнің балконынан Құрмантөбе жаққа қарап тұр едім, бір мезетте ғайыптан пайда болғандай бір алып қара құс қалықтап келіп тебенің басына қонды. Өлгінің денесі бүркіттен де үлкен. Нақтырақ айтсам, күркетауықтың көлеміндей бар енді. Қанатын жайып жібергенде, тіпті, ұзын. Бірақ, лып еткізіп тез жинап ала қояды. Қонақтап төбенің басында көп отырды. Күздің суығы тондырған соң үйге кірдім. Аздан соң қайта шықсам, әлгі құсым жоқ. «Құрмантебеде Құрман атамyz жатыр» дегенді де, «Құрманның қара құсы» деген аңызды да көп естігеннен кейін бе, маған шынымен де Құрманның қара құсы ұшып келгендей болды да тұрды көпке дейін. Бұл құсты кейін 1996 жылы және 1998 жылы көрдім. Одан соң көргемін жоқ. Тебенің айналасына қаптаған қара шатырлар кебейіп кетті. Құс қонақтайтын жер қалмады...

Бұл әңгімені естігенде, «Қарабай деген құс болушы еді» дегенбіз де қойғанбыз. Құлақ сенсе де көңіл сене бермейді ғой. Мысалы, осыдан бес-алты жыл бұрын Құрмантөбенің айналасында тұратын қазақтар жиналып, қадари-қалдерінше Құрман бабаға белгі қояды. Темір құбырдан ұзын ұстын орнатады. Әлгі ұстынның ұшар басына қанықтырдан ойып құс жасап бекітіп қояды. Демек, «Құрманың қара құсы» деген аңыз белгі қоюшылардың да санасында болған ғой... Ең ғажабы сол ертесіне әлгі жерге жалғыз қара құс келіп қонақтапты. Бұл туралы журналист Бақтыбай Айнабеков өз кезінде газетке жазды да («Қазақ батырлары». 2002 жыл, №34).

2009 жылы жаз айларының бірінде, «Жер тарихы – ел тарихы» деген тарихи-археологиялық-этнографиялық экспедиция кезінде біз Құрманның ұлы Қара батырдың басына барып тәу еттік те, Әулие шоқыға шықтық. Шоқының дәл төбесінде бұрын үш бастау болыпты, біреуі әлі бар екен.



Суалған. Жасыл шөп қылтияды түбінен. Шоқы өте биік. Басына «су қалай көтерілген» деп таңғаласың. Мұны кейде «Қараның шоқысы» деп те атайды. Қара батыр осы жерде шатыр тігіп, бүкіл Көкпектің жазығын бақылап отырыпты. Бастауды «Қара батыр қаздырған» дегенді де үлкендер айтады. Қаздырса, қаздырған шығар. Жер асты суы өз қысымымен жоғары көтеріліп келіп, сыртқа шыға алмай, шоқының басын сулаған соң, оны көрген Қара батыр «бұлақ көрсең, көзін аш» деп қаздырған болар. Замандастары «Қараның шоқысы» атағанмен, «заманнан заман өтіп, жанғырған жұрт» Қара батырды ұмытқан соң оның төбесін неғылсын. Шоқының басында тұрып Шоқан айналасын суреттеп, сипаттап жазады ғой. Тіпті, тау бөктерінің суретін де салады. Қараның бұлағы туралы да айтып кетеді. Біз, яғни көшбасшымыз Сайлау ағай, режиссер әрі оператор Молдахан, Нұралы ақсақал, Қара батырдың тікелей ұрпағы Бадуат қария, ол кісінің қызы, ұлы және немересі сол жерде суретке түстік те, шоқының етегіне беттедік. Шоқы сынған қиыршық тастардан ғана тұра ма деп қаласың. Аяғың сәл мүлт кетсе, өз салмағыңды өзін игере алмай құлап кетуің де кәдік. Етекке келген соң:

- Ананы қараңдар, Құрманның қара құсы келді, – деді Мұқаш шал. Бұл кісі қан қысымы көтерілетін болғандықтан, мәшиненің қасында қалған болатын. Біз аңтарыла шоқының басына қайрыла қарадық. Үлкен қара құс Қарашоқының басын айнала қалықтап жүр.

«Адам келіп кеткен жерді шарлайтын дала құсының әдеті ғой деп іштей сенбестік жасасам да көңілімнің түкпірінде «шынымен де Құрманның қара құсының болғаны рас-ау осы» деген ой да жатты...

Көп ұзамай тағы да ел аралап жүріп Құрманның ұрпақтарына құсбегілік қасиет қонғандығын дәлелдейтін бірнеше оқиғаны естідім...

## ТӨРТІНШІ АҢЫЗ немесе ҚҰРМАННЫҢ САҚПАНЫ

Құрманға Дулаттың Жаныс руының қызын айттырып қойған екен. Бір күні Құрман қыз ауылына ұрын барады. Қызбен жүздесіп қайтып келе жатқанда күтпеген жерден артынан қуғын шығады. «Қапияда ұстап алмақ болған қалмақтар ма» деп тұра қашады. Аналар өкшелеп болмайды.

Құрман сақпанын ердің қасына іліп жүреді екен. Сақпан – бір ұшына құрт сиятындай тері қапшық тігілген, қылдан жіңішке леп есілген ұзын арқан. Қапшығына алыс жолға шыққанда құрт, болмаса, малта салып қояды. Олар жоқ болса, тас салып алады. Мал айдағанда керекті құрал. Мұны барымта, сырымта кезінде де өте жиі қолданған. Ал соғыс кезінде таптырмайтын қарудың бірі болған. Артынан қуғын түскенде, қуып келе жатқан аттың маңдайын көздеп тұрып қыл арқанды шиырып-шиырып лақтырғанда алға қарай бар екпінімен шауып келе жатқан ат маңдайына тиген титімдей тастың соққысынан омақаса құлайды. Арқанды жинап алып келесі қуғыншыға қайта лақтырады.

Осындай әдісті бала күнінен үйреніп алған Құрман сақпанды алдыңғы адам қуып жете бергенде атының қақ маңдайын дәлдеп тұрып лақтырып жібереді. Әлгінің аты омақаса құлайды. Оның артынан тағы біреу қуып келе жатады. Оны да сол әдіспен құлатады. Сақпанын жинап алып, шалма жасап, келесі артқы қуғыншыға лақтырып, оны аттың үстінен жұлып алады да, біраз жерге сүйреп апарады. Анау қазақша ойбайлап, жалынған соң сүйремей, қасына барса, қыз аулының жігіттерінің бірі екен...

## БЕСІНШІ АҢЫЗ немесе ҚҰРМАННЫҢ ЖАЛЫ

Туғанда сол жақ жауырынының астына біткен бармақтай қал нәресте жетілген сайын үлкейе түседі. Әжесі итжейдесінен қалды жауып тұратын жамылғы жасап береді. Есейген сайын сыймай қалған жейдесінен әлгі жамылғыға қосып отырады. Мұны әжесі, анасы және әкесінен басқа ешкімге көрсетпейді. Әжесі оңашада «жалдыбалам» деп еміренеді екен. Құрман өзге балалардай емес, аса сабырлы болыпты. Бірақ күрескенді жеңіп, алысқанды алып ұрып, құралпыластарының серкесі атанады. Күндердің күнінде ауылға әйгілі ұста Таңатар келеді. Әлмерек ерекше қарсы алады. Таңатармен бірге ұлы Қошқар да ере келіпті. Балалар танысып, ойнап кете береді. Қошқар айтыпты: – Құрман, кел, дос болайық, – деп. Құрман айтыпты:

- Мені күресіп, жеңсең ғана келісем, – деп. – Онда кел, күресейік, – дейді Қошқар.
- Жоқ, сен әуелі менің достарыммен күрес. Солардың бәрін жеңсең ғана мен сенімен күреске шығамын, – дейді Құрман. Топ бала оңашаға шығып күреседі. Қошқар да оңай емес екен, белдескеннің бәрін жеңе беріпті. Ең соңында кезек Құрманға келіпті. Екеуі тіресе-тіресе, алыса-алыса бірін бірі ала алмайды. Сонда Құрман: Сен мықты екенсің, – дейді.

Қошқар айтады:

- Сен де осал емессің, күшімді таныдың, кел, енді достасайық, – деп.
- Мен күрескенді құлатпай қоймаймын, – дейді Құрман.

- Мен де алысқанымды алып ұрмай тынбаймын, – дейді Қошқар. Сөзбен ерегесіп тұрып екеуі оңаша жерде күресуге келіседі. Ондағылары біреуінің жеңіп, екіншісінің жеңілгенін өздерінен басқа ешкім білмесін дегені. Оңаша шығып, ешкім көрмейтін жерде екеуі тағы ұстасады. Ұзақ текетірестің бір сәтінде Қошқардың саусағы Құрманның жотасындағы жамылғының астына кіріп, содан жұлқи тартқанда бауы үзіліп кетеді. Қолында қалған жамылғаны Қошқар лақтырып тастап қайта алыса түскенде алақанына бірдеме батқандай болады. Дереву күресті тоқтатып Құрманның арқасына қараса жотасында түк басқан үлкен қал бар екен. Сонда Қошқар. «Ей, қалды бала, сырың белгілі болды» деп әрі қарай күресуден бас тартып Қошқармен дос болуға келіседі де, достықтың кепілі ретінде көрген қалы жөнінде де «ешкімге ешқашан тіс жарып айтпаймын» деген уәдесін алады. Сөйтіп, екеуі айнымас дос болып кетеді. (Айтушы Әубәкір ұста Қисамединұлы).

Құрманның жотасындағы қалы одан сайын үлкейіп, түгі қатайып, шындығында жал секілді бола бастайды. Оның бұл қалын «Сенің қалыңды күндердің күнінде, әйтеуір, ел біледі. Аяқасты тағы бір адам біледі. Ол алған әйелі еді. Әйелі ақылды екен: білген соң әртүрлі әңгіме тарайды. Содан сақтану үшін мен сенің сырт киіміңнің бәріне қасқырдың жалын тігіп қояйын. Соны көрген дұшпанның көзі үйренеді де, ешнәрсеге таңғалмайтын болады», – дейді. Құрман келіседі. Сол келісім бойынша, Құрманның сырт киімінің бәріне жотадан төмен қарай қасқырдың терісінен жал тігіп қоятын болған. Сөйтіп, ол ел арасында «Көкжал Құрман» атанады. «Құрманның жотасында жалы бар» десе, кез келген адам «Иә, білеміз, көріп жүрміз ғой» деп мән бермейді екен. Ақылды бәйбіше итжейде, балажейде қосыла тігілген жамылғаны жаңғыртып, жұмсақ матадан денеге батпайтындай ғып тігіпті де, Құрманның қалын жасырып қайта байлап беріпті. Оны шешуге кейінгі алған екі тоқалына рұқсат берілмеген. Бірақ жоңғар соғысында қолға түскен төртінші қатыны қалмақ тоқалы шешкен дейді (айтушы – Айтақынқызы Құшархан).

## АЛТЫНШЫ АҢЫЗ немесе ҚҰРМАННЫҢ БАЛАЛАРЫН СЫНАҒАНЫ

Құрманнан үш ұл қалған. Басқаша айтқанда, Құрманның кіндігінен тараған үш ұлдың артынан ұрпақ қалған. Олар – Мәмбет, Үмбет, Қара.

Балалары ес біліп қалған екен дейді. Ұлдарын сынаған әкесі Әлмерек секілді Құрман да үш ұлын сынамақ болыпты. Бір күні шырт ұйқыда жатқан Мәмбетті оятып:

- Сыртта біреу жүр ме, көріп келші, – деп жіберіпті. Ұлы сырт киімін желбегей жамылып шығып кетіпті де, көп ұзамай қайтып келіп: «Ауыл тыныш», – депті. Сейтіпті де жатып қалыпты. Аздан соң Үмбетті оятып: Сыртта біреу жүр ме, көріп келші, – депті.

Ол босағадағы ақ таяқты алып, сыртқа шығып аздан соң қайтып келіпті де: «Мал тыныш жатыр», – депті. Солай депті де, ол да ұйқысын қимай, көрпесіне оранып жатып қалыпты. Біраздан сон кішісі Қараны оятып:

- Сыртта біреу жүр ме көріп келші, – депті. Қара іргеде тұрған әкесінің шоқпарын сүйреге шығып кетіпті. Бірақ қайта оралмапты. Құрман Мәмбет пен Үмбетті оятып: «Қараны табыңдар», – депті. Екеуі шығып кетіпті. Бірақ үш ұл да үйге оралмапты. Бұлардың оралмаған себебін біл деп Құрман бәйбішесін жіберіпті.

Бәйбіше келіп:

- Мәмбет маяның үстінде шам санап жатыр,

Үмбет қораның жанында мал қарап жатыр,

Қара ауылдың сыртында жау қалап жатыр, – депті. Сонда Құрман:

Мәмбет жан қамын ойлап жатыр екен,  
Үмбет мал қамын ойлап жатыр екен,  
Қара жау тосу қамын ойлап жатыр екен,  
түбі жаман болмас, – деп қуаныпты.

## ЖЕТІНШІ АҢЫЗ немесе ҚҰРМАННЫҢ ҚАЗА ТАБУЫ

Қалмақ шапқыншылығы тұтқиылдан болып, Әлмерек ауылын біраз шығынға ұшыратып кетеді. Боралдай шайқасында қанды қасап, қызыл қырғын болады. Сол қырғында Құрман кескілескен ұрыстың қалың ортасында жүрсе де денесіне жарақат тигізбей аман шығады. Ол кезде қалмақтармен айқаса, шайқаса жүріп Әлмеректің табан тіреген жері Ақсай өзенінің басында екен. Құрман жасағы Көкқайнарға (қазіргі Шаңырақ ықшамауданы орналасқан алап) қарай ығысады. Қалың қамыстың арасындағы Үйсінтөбенің етегіне шатыр тігіп бекініп, жауынгерлерін қайта жиып, қалмақтан кек алмаққа дайындалады. Көп ұзаттырмай, Боралдайдан әрі Көксайда жатқан қалмақтың қосынына тапайдың тал түсінде күтпеген жерден ұрыс салып, далада тамақ ішіп отырған Жонжы деген батырын желкесінен іліп әкетіпті. Қолжас қатынын олжаға алып, Көкқайнарға қайта келіп жайланып Ал Құрман болса қолға түскен мал-мүлкін айдап, Жонжының аяқ-қолын кісендеп абақтыға қамайды. Қалмақтарға қайтадан ұрысқа шығады. Тұтқындарды өрелеп қара жұмысқа салады. Алжаннан Түкенің ұлы Райымбекке, Қожамбеттен Қалдауұлы Батыршаға, Қосқұлақтың ұлы Қаржауға, Жартыдан Таңатарұлы Қошқарға, Қызылбөріктен Әжібайдың ұлы Мәукеге, Сарыдан Шитемірұлы Мәнжіге, Мәнжінің ұлы Тантыбайға, Балтаұлы Тайлаққа, Тайлақ батырдың ұлы Қодарға т.б.-на балалары Мәмбетті, Үмбетті, Қараны жібереді. Сол күні жеті адаммен кеңес құрып отырған жеріне қалмақ күтпеген жерден басып кіреді. Құрман сырт киімін алмай да қалады. Жан алып, жан беріскен арпалыс болады.

Құрман оң жағынан қанжар тиіп жараланып құлайды.

Жетеуін де Үйсінтөбенің басына алып шығып жұрттың көзінше басын алуға қалмақ қолбасы бұйрық береді. Сол кезде әлгі қалмақтан олжаға келген тоқалы жүгіріп келіп тізерлеп отырған Құрманның жейдесін шешіп тастап, жамылғасының бауын ағытып жіберіп, жотасына қарапты. Құрманның жотасынан білектей шаш аунап түсті. Сонда қалмақ қолбасы Құрманның қасына келіп ұзақ қарап тұрды:

- «Көкжал Құрман» деген сен екенсің ғой, киіміңдегі қасқырдың терісіне мәз болып жүр ме десем, сен шынымен Бұрхан ерекше жаратқан жан екенсің, саған тиісе алмаймын, – депті де, жұрттың көзінше Құрманның орнына әлгі сатқын тоқалды өлтіруге әмір беріпті. Сол жерде екіқабат қалмақ тоқалды да, алты боздақты да бірге өлтіреді де, Құрманды жаралды күйінше қалдырады. Ешкімнің жанына, малына тиіспей, тек өз тұтқындарын босатып алып кері кетіпті.

Қалмақтар кеткеннен кейін іле-шала Көкқайнарға бірінші болып Таңатарұлы Қошқар мен өзінің кенже ұлы Қара келіпті. Құрман қолы байлаулы, мойнын ішіне алып тізерлеп бүгіліп қалыпты. Қошқар «ой бауырымдап» келіп жерден тік көтеріп алғанда, жалы салбырап жер сызыпты дейді.

Құрман да, қасындағы жеті адам да сол жатқан жеріне жерленеді. Кеңес үкіметі тұсында бұрынғылардан естігені бойынша қариялар әлгі төбені Құрмәнтөбе атап, жасырын келіп құран оқып тұрған.

### АҢЫЗДЫ АЙҒАҚТАҒАН АҚИҚАТ

Айтпақшы, құрманның қалы кенжесі Қара батырда да болыпты. Сол қал бүгінде Қара батырдың тікелей ұрпағы палуан Бадуат қарияда, Ағыбайдың немересі Сайлауда бар. Атадан балаға қан арқылы берілетін нысана ешкімді таңғалдырмайды. Қал десе Шоған абыз баласы Мәмбетті жотасындағы қалы арқылы танитыны секілді әңгіме осы Құрманның бүгінгі ұрпақтарында да болған. десе, қырға қойға шығып кетіпті. 1963 жылы Бадуат үш жасар қызын ұйықтатып, өзі қырға қойға шығып кетіпті. Үй жанынан өтіп бара жатқан екі жігіт дәм татып шығуға кірсе, үйде кішкентай қыз отыр екен. Ашыған көжеден ішіп, шөлдерін қандырып, жаңа піскен таба нанмен қарнын тойдырып, үй иесін күтіп отырса, ешкім келмейді. Ешкім келмеген соң әлгі екеу екі нанды қолтықтарына қысып, ашымалдан ыдыстарына құйып алып, қызды көтеріп кетіп қалады. Бадуат түс ауа келсе, қызы жоқ. Іздеп таппайды. Содан бүкіл аудан халқы іздеу салады. Таппайды. Бадуат өмір бойы іздейді. Неше көріпкел, сан сәуегейге жолығады. Ешкім қаралы хабар айтпайды. Әке жүрегі тірі екенін сезіп, іздеуін тоқтатпайды. Ақыры дерегін табады. Қыз қырғыз елінде деген сез шығады. Неше айылды адақтайды. Бір ауылда Жұпар есімді бірнеше қыз бар екен. Сұрай, сұрай сол айылға да барады. Ат арытып барыпты. Күмәнді қыздың үйін тауыпты. Қыз да бір ай бойы ұйықтай алмай, мазасызданып жүрген екен. Оның азан шақырып қойылған Советхан аты қырғызға барған соң Жұпар болып өзгеріпті. Қырғыз ағайындар Бадуатқа: «Сен қандай дәлеліне сүйеніп біздің қызымызды «менің қызым» деп тұрсың?» – депті. Сонда Бадуат:

- Бабам Құрманнан, атам Қарадан бері қарай біздің тұқымда үзілмей келе жатқан қал бар. Егер бұл менің қызым болса, жотасында бармақтың үлкендігіңдей қал болуы керек..., – деп, өз киімін шешіп, жотасындағы қалын көрсеткені сол-ақ екен, қыз да дереу айнала қарап тұрғандардан жасқанбай етегін көтере басынан асырып жіберіп, жотасындағы қалын көрсетіп, дауыс салып жылап жіберіпті. Қарап тұрған елдің бәрі жылапты. Бұл 1963 жылдан соң арада қырық жыл өткеннен кейін, яғни 2003 жылы болған оқиға!





## ПОД ЗАЩИТОЙ СВЯЩЕННОЙ ГОРЫ

*В национальный проект «Сакральная география Казахстана» входит не менее ста исторических памятников, известных не только в нашей стране, но и за рубежом. Вошли с список сакральных мест и достопримечательности нашего района. Но есть в этом регионе одно священное место – гора Аулие шоқы, являющаяся визитной карточкой села Тигермень.*



Анель КАПАР



ни один вражеский отряд. По преданию, с тех самых пор жители близлежащего села были под надежной защитой матери-горы.

– Старожилы говорили, что Аулие шоқы словно талисман оберегает наше село много столетий, – рассказывает аким Тигерменьского сельского округа Миршад Насыров. – Увидеть гору, точнее очертания женщины с ребенком можно при въезде на главную улицу Мулашева, со стороны села Ақтам. Красивый вид горы виден на закате. Как раз в это время вся картина четко просматривается.

По словам местной жительницы,

председателя сельского совета матерей Бувипатям Абдуллаевой, Аулие шоқы издавна является местом паломничества для женщин, желающих обрести счастье материнства, а также тех, кто намеревается изменить свою жизнь в лучшую сторону или осуществить заветные мечты. Главное, чтобы помыслы были чистые. Только в этом случае все задуманное обязательно исполнится.

Своей версией легенды о священной горе поделилась с нами учитель русского языка и литературы Тигерменьской уйгурской средней школы Айшанур

Кадырова. Предлагаем вниманию наших читателей ее повествование:

«Ноги уже не слушаются. Но надо пройти еще сотню шагов. Из вражьего стана оторвалось несколько всадников. Скачут к ней, хотят схватить.

Крепкую и высокую стену подняли сыновья женщины, но лишь маленький кусочек оставалось сделать. Работы было всего на дня два...

Мать ступила на вершину, встала на колени и сложила руки. Она молила Создателя о спасении ее народа. А враг все ближе. Конница уже рядом. Мольбы ее были услышаны. Ангелы, посланные Матери с неба, прошептали ей, что делать. Она должна лечь здесь же, на горе, прикрыть глаза и ждать.

Неожиданно начался сильный ливень. Всадники слетели от ужаса со своих коней, когда увидели, как маленькая хрупкая женщина медленно растет у них на глазах, превращаясь в огромную гору. В то утро враги не смогли перейти гору, ни через сто лет, ни через двести...

Вот так Женщина-Мать спасла наш народ от гибели. А в благодарность люди назвали вершину Авлия чока, что в переводе на казахский звучит как Аулие шоқы».

Пару лет назад активисты сельской молодежи установили на вершине горы флашток. Развеваящийся на ветру голубой флаг видно издали. Эти два важных для жителей села знака органично сочетаются вместе и символизируют единство, свободу и равенство народа Великой степи.

### С благодарностью к Родине

## НИЗКИЙ ПОКЛОН НАРОДУ КАРАДАЛЫ

**В первые годы обретения независимости на историческую родину в Казахстан возвратились тысячи семей из Монголии и Китая. Их радушно приняли в каждом уголке страны, где они обосновались, пустили сильные корни. Среди них семейная чета кандасов из Китая Тлеужана Сабырулы и Гульбуби Дариги, проживающих в селе Шонжы.**



Асель МУКАШЕВА

Всесторонняя поддержка со стороны государства, органов местной власти дала возможность нашим соотечественникам начать новую жизнь на новом месте. Создав все условия для переселенцев, предоставив им жилье, работу, оказав содействие в реализации их первых бизнес-проектов, руководителю региона не оставалось без внимания их обращения. Где делом, а где и добрым советом жители нашего района помогали новым соседям, знакомили с местной культурой, традициями и обычаями, приглашали на «ерулік» – обычай гостеприимства казахов. Этот небольшой праздник в честь новоселов устраивался соседями для того, чтобы кандасы привыкли к незнакомой среде, смогли адаптироваться к новым условиям.

За несколько лет проживания в селе Шонжы, Тлеужан и Гульбуби успешно реализовали себя в швейном производстве. Следует отметить, что многие кандасы по прибытии на историческую родину занялись привычным для них делом. Они развивают растениеводство, животноводство, тепличное хозяйство, являются

инициаторами открытия в регионе новых объектов малого предпринимательства и своими достижениями делятся на проводимых в области и районе выставках, ярмарках, фестивалях.

Задолго до возвращения на историческую родину Гульбуби занималась прикладным искусством, которому научила мама – талантливая в их провинции мастерица. Она вязала для детей теплые безрукавки, шапки, варежки, украшала их красивыми узорами, делала сырмак, тускииз и даже готовила на продажу полное убранство казахской юрты. Вся эта кипучая деятельность разворачивалась на глазах у детей, которые не просто наблюдали за создаваемым матерью волшебством, но и сами принимали в нем участие.

Сегодня уникальные работы прикладного искусства Тлеужана и Гульбуби широко известны не только в районе, но и области в целом. В 2020 году, приняв участие в проекте «Бастау Бизнес», супруги реализовали бизнес идею по открытию швейного цеха. Свои умения, творческие способности они решили сделать основой семейного дела и не прогадали. Со смыслом придумали



для цеха название, который ныне известен как центр прикладного искусства «Мирас», что в переводе с казахского означает «наследие».

– На льготный кредит в 5 млн тенге от Агрокредитной корпорации приобрели станок для пошива одеял, аппарат для обработки шерсти, закупили необходимое сырье, обеспечили работой односельчан, – говорит Тлеужан. – В день расходуется 100 кг чистой шерсти, из которых получается 30 одеял. За пять дней мы производим 150 одеял. Каждое изделие имеет своеобразные орнаменты. Их у нас более ста видов.

– У казахов в Китае древнее ремесло передается из поколения в поколение, – подключилась к разговору Гульбуби. – Многие секреты орнаментов, вышивки, вязания, шитья, изготовления войлочных изделий сохранились до наших дней.

Поэтому не удивительно, что мы продолжаем дело наших матерей и отцов, открыв бизнес с национальным колоритом.

Низко поклонившись родной земле, своему народу, хочу сказать им: «Спасибо!» за то, что так щедро одарили меня и мою семью любовью, окружили заботой и вниманием в наши первые годы пребывания в Казахстане, – отметила мастерица. – Наша мечта сбылась на родине далеких предков, и мы безмерно благодарны за это народу долины Карадала, тепло принявшему нас. Здесь мы состоялись как личности, здесь родились и выросли наши дети. Для нас большое счастье быть гражданами многонациональной Республики Казахстан, частью народа Великой степи, жителями замечательного приграничного района.



## Адал азамат

*Қырғызсай ауылындағы қарашаңырақта інім Нұрлан тұрады. Ата-анамыздан, бауырымыздан қалған үйдің шырағын сөндірмей, атадан қалған дәстүрді бұзбай түтінін түтетіп отыр. Нұрлан Мамырбаев – ауылдың аға жігітбасы. Лауазымды қызмет тұтқасын ұстамаса да, биліктің орынтағында отырмаса да ауылдың адамдарын жұдырықтай жұмылдырып, айрандай ұйытып, қоғамдық жұмысты ұйыстырып, бар тіршілігін дөңгелетіп, ауылдың бірлігі мен ынтымағы үшін түнді түн демей шапқылап жүрген бір жан. Бұл жұмысы үшін ақы алмаса да ауылдастарының сенімі мен батасын алып жүр. Оған да шүкір. Жігітбасылық – рақметі жоқ, керісінше сөзі көп, кейде ұрыс та естіп жүретін қоғамдық бастама. Қолдарында барлар, жағдайлары тәуірлер жігітбасының жұмысына кіріптар емес. Мұндағы басты мәселе жағдайлары төмен, аз қамтылған немесе үйсіз қалған ауылдастарға қол ұшын беру. Аяқ астынан бастарына қайғы түскен отбасыларының жағдайына жұрт болып жұмылып, көмек ұйымдастыру. Сондай шақтарда үлкендермен ақылдаса отырып бір мәмілеге келіп, ауылдың үлкен-кішісі, қыз-қырқынын жинау да үлкен шаруа. Қырғызсайлықтар мұндайда өте ұйымшыл. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара алады. Осындай шаруалардың басы-қасында жүретін бауырым Нұрлан Мамырбаев бүгін 60 деген асқаралы жасқа жетіпті. Зымыран уақыттың зымырап өте шығатынын осындай сандармен бетпе-бет келгенде аңғарасың.*



# ТАУДА ТУҒАН БАУЫРЫМ АСҚАРАЛЫ ЖАСҚА ЖЕТТІ



**Баян МАМЫРБАЕВА**

Нұрлан – атасы мен әжесінің бауырында өскен, кемпір-шалдың тәрбиесімен сусындаған бала. 30 шілде күні жайлауда кіндігі кесіліп, тауда дүние есігін ашады. «Кіндік қаны тамған жер» деген тәмсіл жайдан-жай айтылмағандығын осы інімнің бойындағы қасиеттеріне қарай бағалаймын. Тауды аңсап, таудың қатпар-қатпарларын аралап кететін мінезіне бұрындары таңғалатынмын. Бір тоқашын қойнына салып алып, жаяулатып Бесқарағайға дейін шығып кететін қылығы да қызықтыратын. Сөйтсем тауда туған бала тауға қарап өсетіні рас екен. Тіпті кейде үйге қонуға келмей, тауда қонып қалатын. Ертесі бүлдіргенін теріп, мез-мейрам боп келетін. Аңшылық та әуестігі бар. Жасы үлкен ағаларымен апталап таудан түспейтін. Құралақан келсе де көңілі көтеріңкі қайтатын. Ол да таудың қасиеті екен.

Әкем мен анам марқұм хат танымады, сауатсыз болды. Бірақ балаларының білім алуын қатты қадағалады. Нұрлан немеренің тұңғышы болғандықтан бауырларына салып алды да, ұлы мен келінге баланы қаратпады. Нұрлан да атасының бауырында малдың соңында жүріп тәрбиеленді. Қыста қыстауға, жазда жайлауда балалығы өтті. Атқұмарлығы бір төбе. Атасы кей атты Нұрланнан басқа ешкімге мінгізбейтін. Сол қасиет қазір де қалмаған. Өзіне тиеселі, меншікті атына ешкімді мінгізбейді. Мал сою, ет жаймалау, жіліктеу – үлкен шаруа. Қазіргілердің көбісінің тісі бата бермейді. Оған онша мән де беріп жатпайды. Дайын цехтарға апарып сойдыра салады. Ал біздің үйде үлкен мал емес, қой мен ешкі сойылса да арнайы бата жасалатын, бауыздалатын малдың алдына ойнап жүрген балаларды да шығармайтын. Үй иелері еттен ауыз тимей итке қаны төгілмейтін. Жазылмаған қағида сондай болатын. Әкем Нұрланға мал бауыздауды үйретті. Сонда әлі мектеп қабырғасында жүрген кезі. Анам әлі бала ғой деп шыр-пыры шығып жүретін. Одан еттің боршалануы, қай жіліктің қандай қонаққа салынатыны, тіпті құймышақ пен мойынның да қасиеті айтылатын. Маған қатысы жоқ дүние деп мән бермейтінмін. Ал інім атасының әр сөзін құлағына құйып отыратын. Мал сояда оның арық-семізін, қанша ет беретіндігін сыртынан-

ақ бағамдайтын. Соның бәрі оның бала санасында сіңісті болғандығы соншалықты, мал тануда інім алдына жан салмайды. Соғым сояда оның қазысының қанша елі шығатынын да айтады. Дәл келеді.

Арамдық, адалдық деген сөздер атасының аузынан жиі шығып отыратын. Нұрланның бойында да осы адалдық деген сезім қатты байқалып тұрады. Мал шаруашылығы мамандығын тандап, техникумды жақсы бағаларға тамамдағанымен ол салада еңбек етпеді. Ол қолынан келмегендіктен емес, қарт атасы мен анасының күтіміне байланысты екендігін бірге туғандар жақсы білеміз. Қазір зейнет жасына жеткен соң, қариялық деген мөлшерге келген соң басқаша ойланады екенбіз. Үлкен кісілердің күтімі дегеніңізге бір адамның шамасы жете қоюы неғайбыл. Апасы бір ғасырдан аса ғұмыр кешті. Алжымады, сөзінен жаңылмады. Соңғы сәтінде ғана аяғынан қауқар кетті. Өте кірпияз, талғампаз кісі еді жарықтық. Тазалықты жаны сүйетін. Кез келген асты жей бермейтін. Сөзден сәулет салатын, әншілігі де бар. Сондай мінезді апасының жағдайын жасап, бабын тауып, жеймін деген нәрсесін жегізіп, көтеріп таза ауаға шығаратын кезі көз алдымда. Апам да басқа балалары мен немерелерінің алдында Нұрланды ерекше әспеттеп отыратын. Ол көзінен таса бола қалса, көңілі пәсейіп, мазасы кететін. «Нұрланым, Нұрланым» деп айналып, толғанып, соның тілеуін тілеумен күнін өткізетін. Апасының көзі ілініп ұйқыға кеткенде Нұрлан ауылдың кітапханасына қарай зырлайтын. Ол оқымаған кітап қалмаған болар. Кітапханшылар сөзімді теріске шығара қоймас. «Мына шежіре жазғыш жазушылар қаптап кетіпті, сен не оқыдың?» – деп көңілі толмаған кезде менен кітап сұрайды. Өзімнің сүйікті жазушым Рақымжан Отарбаевты оқы деп насихат айтамын. Қайдан табатынын білмеймін, арада біраз уақыт өткен соң сол кітап туралы пікірін айтады. Мұхтар Мағауинның «Жармақ» деген кітабын ұсындым. Өзіме қатты ұнағандықтан. Інім онша жақтыра қоймады. Қиын оқылады екен, шынын айтсам қабылдай алмадым деп тұр. Мен де қоймаймын, бір адамның екіге жарылуы, бір беті жақсылық, екінші беті жамандық пен пасықтық, несі түсініксіз, – деп ойымды тықпалаймын. Қазіргі маска киген адамдардың пиғыл, ниеті туралы

жақсы дүние ғой деп. Кітап оқудан алдына жан салмайтын інім тарихи дүниелерді жақсы қабылдайды. Жады мықты.

Бүгінде Қырғызсай ауылының белді азаматы деп мақтана аламын. Өлім, жітім, окыс жағдайлар бола қалса ауыл әкімімен бірлесе отырып, ақылман ағаларынан ақыл сұрап сол шаңыраққа көмек көрсетуге құлықты болып тұратын қасиетін жоғары құрметтеймін. Ас беру, нәзір-шырақтар Нұрланның басшылығымен өтіп жатады. Оған да қуанамын. Кейде адамдар көп жиналған жаназаларда үй иелері сасқалақтай бастайды. Ондайда Нұрланның басу айтуы және табақ тартылуда бәрінің дұрыс болатындығына сендіруі көпшілікті сабырға түсіріп жатады. Іштей қуанып отырамын. Осындай аса жауапты, бірақ ұсақ-түйек боп саналатын шаруалардың басында жүреді. Бастысы – ауылдастарының кез келгені оның сөзін жерге тастамайтыны. Бұл да үлкен құрмет. Әкемнің тәрбиесінің жемісі деп іштей маркайып жүремін. Анамның қонақжайлылығы, берекесі де інімнің бойында қалған. Өзінен жасы үлкендерге де қалжындап тұрып, ақыл-кеңес бере алады. Екеуміз тете өстік, сабақты да бірге оқыдық, қой кезегіне де бірге барамыз. Гүл тереміз, жусаннан сыпыртқы жасаймыз. Әйтеуір үйдегі ата-анамызды қуантқымыз келіп, кез келген жұмысты бірге атқарамыз. Балалық шағымыз өте бақытты өтті дей аламын. Кешкі астан соң дауыстап кітап оқитынбыз. Мұқан Сәбитті оқы деп әкеміз тапсырма беретін. Ол Сәбит Мұқанов дегені. Мың бір түнді де қайдан тапқандарын білмейміз, оқып беретінбіз. Мағынасын, мазмұнын онша түсіне қоймасам да.

Малдың бабын бір кісідей білетін інімнің бүгінгі ауылдың қоғамдық жұмысының басында жүргеніне шынайы риза боламын. Көптің көңілінен шығу өте ауыр дүние. Біреуіне сөзін жақпайды, енді біреуіне ісін ұнамайды. Ол – заңдылық. Кейде болар, болмастан ұлттық мәселе көтеріле қалады. Сондай сәттерде өзінің азаматтық пайымын дұрыс жеткізіп, қараша халыққа түсінікті тілмен жеткізіп, екі жақты да пәтуаға келтіріп жүретін жүрегі үлкен бауырымның тілекшісімін. Оған деген махаббатымды күнде айтпасам да, ағалық жасқа жеткен күні айтуым айып бола қоймас. Бауырымды қатты жақсы көремін. Өмір болғасын оның кедір-бұдыры, көлеңкелі тұстары болып тұратыны тағы бар. Сондай кедергілерден

сүрінбей өтіп, отбасының тірегі бола алғаны үшін Аллаға мың шүкір деймін. Лауазымды қызметте болмаса да ауылдастарының қызметінде жүрген ініме ұзақ ғұмыр тілеймін. Қазіргідей барлығы материалдық құндылыққа байланып қалған дәуірде өзінің қоңырқай тіршілігімен-ақ айналасындағы адамдарға болған адал пейілінен айнымаған бауырымның бақытты болуын тілеймін. Еңбек адамы жылы деп жарияланған жылы алпыстың аскарына шыққан бауырымды нағыз еңбектің майталманы деймін. Ауыл адамдарының ынтымағы мен татулығы жолында тер төгіп, бір тұрғынның малы жоғалса да соны іздестірудің жолын қарастырып, ауылының тәртіпті, мәдениетті болғанын қалап жүретін жанның менің туған бауырым болғаны қандай бақыт деп мәз боламын. Ата-апасының махаббатына кір түсірмей, өзінің ата-анасына құрмет көрсетіп, балалық мейірімін туыстарына бере алған, атасынан алған тәрбие дөнегін ауылдастарына жеткізіп жүрген Нұрланды азаматтар әр ауылда бар. Дей тұрғанмен Қырғызсай ауылында өлім шыққан күні дастарқанның тоналмай, салафандардың салдырмауының ретке келгенінің өзі үлкен қызмет, тіпті тәрбие. Қайғы жұтып отырған отбасына көмек деуге болады. Бұл жағынан ауылымыз мақтана алады.

Ел алдында ашық-жарқын сөйлеп, туған жерінің жақсы болуына атсалысып жүрген кез келген адамның ең алдымен шаңырағында береке болуы керек. Нұрланның көптің шаруасымен күндіз, түні үй көрмей жүруіне мүмкіндік беріп отырған жан жары Зәуренің көрегендігі деуге болады. Нұрайы мен Раянасы мектептің ең үлгілі, белсенді оқушылары. Мұқағали мен Фаризаның кез келген өлеңін жатқа айтып бере алады. Мектепшілік әдеби оқулардың жүлдегерлері. Өзі кітапқұмар жан қыздарын да кітап оқуға үйретті. Үлкені оқыған кітабын кішісі міндетті түрде қайталап отырады.

Еңбек адамы деген түсінік тек жалақы алып, қара жұмыс істеу дегенді білдірмесе керек. Ауылының көркеюіне кірпіш болып қалана алатын, қолынан келетін титімдей жақсылығын ауылдастарымен бөлісе алатын, мейірім, шапағатын айналасындағыларға төге алатын, әйтеуір бір адамға болса да жақсылығы жетіп жататын жандарды айтуға болар. Қырғызсайлық Нұрлан Мамырбаевты нағыз еңбек адамы дей аламын. Абырой мен беделді ақшаға сатып ала алмайсың. Ол сенің күнделікті жүріс-тұрысың мен сөйлеген сөзіңе байланысты жылдар бойы қалыптасатын мінезің. Кейде әкім, қаралар мен ақжараларға қарағанда қарапайым жұртшылық жігітәгаларына жақындау жүреді. Солардың айтқандарына сенеді. Әкімнің көмекшісі, оң қолы ретінде қабылдайды. Егер олардың көпшілік арасында абыройы болса, әрине.

Қырғызсай ауылының тұрғыны, мен үшін ең сүйікті бауыр бола алған Нұрлан Жарқынұлын 60 жасқа толған күнімен құттықтаймын. Білімді мектептен алғанымен, өмірлік көзқарасын, азаматтық ұстанымын дала философтары саналатын ата-әжесінің мектебінен алғандығын растаймын. Атаның тәлімін, әженің тағылымын өз бойына сіңіріп, жақсы адам болғаны үшін оған ризамын. Ауылдастардың алғысын арқалап, бауырлардың батасын алып, ғұмырлы болуын тілеймін. Өзінің баққан апасы 103 жыл өмір сүрсе, оның да сол асуға жетуін сұраймын Жаратушыдан. Адам өмірге келген соң соңынан жақсы сөз қалдыруы керек. «Ешкімнің ала жібін аттаушы болмандар, кісінің ақысын жемендер, ол үлкен – күнә» деген сөзді санамызға сынадай етіп қағып кеткен ата-аналарымыздың аруақтары қолдасын. Шерхан ағам айтпақшы, алпыс – талтүс. Талтүсін түн жарымына ұлассын, бауырым.





**Бүгүнкi заман мектeп мудири кадр йетишмeслик мeсилeсини eзилa билeдy. Һәрхил пәнләр бoйичә кәспий муәллимләргә eһтияжи, зари eйтип түгәткүсиз. «Алтын орда» базириғa «роботлар чүшүптy» дeгәнни аңлишим билән муһим ишлиримни ташлап шу яққа алдиридим. Йолниң жирақлиғичу! Мaшиниларниң көплиги, шундақла, дайимла қалаймиқан, йол пуклириниң барлиғини ойлисаң өйдин чиққуң кәлмәйдy. Амал йoқ, балиларниң келәчиги үчүн һәр қандақ қийинчиликларни йеңишкә, йеңилиқлардин пайдилинишқa тоғра келидy. «Худайим жүгәртмигән калини мозийи жүгәртидy» дегинидәк, оқуш сапасини ашурушқa керәклик нәрсәниң дукаңа чүшкинини аңлиғанда бир орунда туралмайсән. Келәчәкниң әвлади – балилар үчүн отқиму кирисән, суғиму чөкисән.**

Бу кетимки сәпиримму оңушлуқ болмиди. Йоғандин йоған һәр хил қурулуш жүклирини тошуйдигән, чакқан, «миртла» килип алдиңға чиқивелип яндап өтүп кетидигән йеник машиниларниң уақтин узақ пукиға чүшүп қалдим. «Товва, өйүмниң йенидила «Атакент» көргәзмә зали бар. Немишкә шу йәргә елип кәлмәйдү? Шу йәрдә сетилса йолму кискиратти» дегән ойни баштин кәчүрдүм. Сәвәп, һәммә нәрсә цифрландурулған бүгүнкi заманда жениңға әсқатидигән, түрлүк дөләтләрдин кәлтүрилидигән йеңи техникалар асасән чоң сода орунлириға кәлтүрүлидү.

Мән арман қилған робот базарниң әң ичкирисидики бир залға қоюлупту. Издәп, аран дегәндә роботлар мәйданчисини таптим.

– Тикинчиму, ашпәзмү, қурулушчиму яки өй тазилиғучиму?–дегән сетикчиниң авазидин йошумға кәлдим.

«Өйдики сода базарға тоғра кәлмәпту» дегинидәк, мениң хиялимдики робот-муәллим аталмиведи, бир түрлүк һиссиятта қалдим. «Хәп, бекарға кәптимән» дәп ойлидим пешанәмдики тәр тамчилирини сүрткәч. Уақтин кейин:

– Муәллим робот барму? дегән соалимға сетикчи тиңирқап туруп қалди.

Күлүмсириведи, икки көзи сизикчә һалитигә кәлди. Сетикчи херидаридин айрилип қалмаслиқни ойлиди тайлик, дәррула тилини қариштуруп сайрапла кәтти.

– Алмүтиға кәлгәндин бери китапла окуп олтиридигән бирси бар. Полиглот. Жүрүң, складқа. Көрситәй, – дәп шап бурилип, қолумдин йетиләп, алдимға чүшүп сөрәп манди.

Униң кәйнидин путлишип, пайпаслап келиватимән. Төвәнки кәвәткә чүштүк. Ғува йорукта бир робот «Apple MacBookтин» мәтин окуп олтарғинини байкидим. Тени төмүр вә пластиктин ишләнмигән. Худди тирик адәмниң өзила, юмшак. Көзлири мөлдүрләп, узун кирикклири ойнап туриду. Бой турқиму егиз. Үстигә кийгән «классика» сим-костюми бәкму яришипту. Қоллирини тутуп, үзлирини сийпидим. Тени тәккән алиқинимда иллик сезим пәйда болди. Сетикчи мениң қизиқишимни, елишқа тәмшиливатқинимни байқиди, тайлик.

– Һармайду, алдимайдү, һәммини билиду, хаталашмайду. Һәқиқәт, адиллиқ принциплириға әмәл килидү, – дәп қошумчә қилди.

Бу сөзлири билән у роботниң баһасини көтириватқанлиғи, һейлә ойнитиватқинини сәздим. Мән тийин санап жүргән инсан. Тәңгә саниған болсам

талашмастинла аливерәттим. «Өгәр техникилик хаталиқлар, нуксанлар чикса қайтуруп елип келимән» дегән келишим түзүш билән баһасиға келиштүк.

Робот муәллимниң исми «Шуғыла» экән. Иккимиз әндиликтә, йол азаплиридин қутулуп, мектәп тәрәпкә келиватимиз. Йол үстидә көкрәклири очуқ, үзлирини қочақларниңкидәк бойивалған, кирпиклиригә узун, ялған кирпик чапливалған қизни учритип қалдуқ.

– Көңли кәң, көзи очуқ, – дегән адәмләр мошуму? – дәп сориди Шуғыла.

– Оқумушлуқ, сезимтал, һая дегәнни сезидигән инсанларни сән дегәндәк «көңли кәң, көзи очуқ» дәп баһалайдү. Лекин сән көргән қизлар улар әмәс, – дедим.

Һәйран болған Шуғыланиң көзлири сағирип кәтти. Бираздин кейин роботниң көзлири йәнила қоңур һалға өзгәрди. Өзи ойлиғандәк болмиса робот шундақ һаләткә келидекән. Уни вақит өтүп билдим. Иккимиз йол үстидики «Abdi» дукиниға кирдуқ. Сатрашханиниң кириш алдидики әйнигидин көзлирини бояп олтарған қизни көрди.

– Мону қиз көз боямчилик билән шуғуллинамду? – дәп сориди.

«Көз боямчилик» билән шуғуллинамду? дегән соалини ичимдә йәнә бир қайтилидим. «Бу роботниң камчиликлири бар охшайду? Алдаш, һамакәтлик ишлардин хәвири бар экән. Болмиса, мундақ соал қоймас еди».

– Яқ, бу көз боямчилик әмәс. Қиз өзини гөзәл, нәпис көрситиш үчүн көзлириниң әтрапини бояватиду, – дедим.

Робот орнида чиппидә тохтиди. Мениң көзүмгә синчилип қариди. Кейин әтрапиға көз жүгәрткәч, қандақту бир мәселини мениң билән һәл қиливалмақчи болғандәк мүрәмдин тутуп тохтатти.

– Сиз мудир экәнсиз. Силәрниң мәктивидларда қиска вақитлиқ план, чарәк йәкүнини баһалаш, баһа бөйичә баһалаш дегән нәрсиләр барму, – дәп сориди.

– Бар, у бизниң, муәллимләрниң күндилик вәзиписи, – дедим.

– Мән мәктивиңизгә барғанда ҚВП язмаймән. Квалтест тапшурмаймән. Оқуғучилардин ЧЙБ, БББ дегәнләрни соримаймән, – деди.

– Немишкә?

– Униң һәммиси қәғәзвazлиқ. Сиз мени бекардин бекар сетип алмидиңиз, билимән. Маңа мәнсәпниң кериги



йоклуғини чүшинисиз. Мудир, билим башқармисинин башлиғи, оқуш министри болуш армини мәндә йок. Математика билән инглиз тилим мукәммәл. Қазақ әдәбиятидин билимимни ашурушум лазим. Мән пәкәт шуниңға интилимән, – деди қәтгий ғалда.

Мәктәпкимү йетип кәлдуқ. Синипқа елип кирип, оқуғучиларни йеңи муәллим билән тонуштурдум. Мәзкүр синипниң балилири бәкму шох. Йок йәрдинла путақ чикирип, синипни қалаймиқанчиликқа селиветиду. Робот муәллимни көргинидә балилардин бирси: «Сән Оптимус Праймсму яки йезидин кәлгән кәләндәму»? дәп сориди. Йәнә бирси туруп: «Wi-Fiсиз иш қилаламсән яки сени кәйниндин токка қошуп туридиған бир қизни бәлгүләймизму?» дәп күлди.

– Әгәр биз начар баға елип қалсақ рәнжип, бир орунда қетип қаламсән? Ерип кәтмәмсән? – дәп қизлар чуқурашти.

– Һәзиллириңлар орунлуқ. Силәр наһайити хушхой балиларкәнсиләр. Мән мундақ көңүллүк балиларни теһи көрмигән. Амма мән силәргә дәп қояй. Силәр бирсигә муш атимән дәп туруп өзәндларға мушниң қайтидиғинини унтумаңлар, – деди Шуғыла.

Олтарған оғулар билән қизлар шүккидә болуп қалди. Бир бирсиниң көзигә қаришиду. Синипта чивин учса аңлинидиған тиничлик һөкүм сүрди. Пурсәттин пайдилинип робот муәллим әдәбият дәрисини башливетти. Бир қизик йери, робот муәллим оқуғучилар билән илгири тонуш болмисиму, һәрбир балинин исим-фамилиясини атап туруп тахтиға чақирди. Соракқа алди. Һәтта һәр бир оқуғучиниң ата-анисигичә билидиғанлиғини йошурмиди. Әдәбият дәрисини қазақ шаири Майлықожадин башлиди.

Әжәл кәлсә ятқузар,  
Маңлайни басқан уйқидәк.  
Бәндини дөләт мәс қилар,  
Қирда жүргән жилқидәк, – дегән мисраларни оқуди.  
– Әнди, балилар, мошу мисраларни тәһлил қилимиз.  
– Қарачач, дөләт дегинимиз һарақ, виски әмәс, немишкә әдәмни мәс қилиду? – деди.

Қарачачниң өрүлгән чечигә қариди. «Товва, бунин чечи қонүркән. Немишкә Қарачач дәйду» дәп ичидә ойлиди.

– Ешип-тешип, мәнмәнчиликкә чүшти дегән мәнани билдүриду, муәллим, – дәп Қарачач жавап бәрди.

Робот муәллим һежийип қойди. Шуғыла тамамаң башқа мәнада жавап күткән еди. Үзи қизирип, көзлири бирдә серик, бирдә қизил болуп янди. Робот муәллим новәттики тапшурмини – С.Торайғыровниң шеирини оқуди.

Көз тикип қаридиң дәп күйә яқма,  
Яқсаң яқ, пәйти келәр орнин тапқин.  
– Ботакөз, бу қурлардики күйини сән қайси йәргә яқар едиң? Һәм немишкә көзини тикип қарайду?

Күлүмсиригәндә икки мәңзидә оймақчә пәйда болидиған киз орнидин дәссидә турдидә жавап қатти.

– Муәллим, бу күйә сиз ойлиғандәк бояқ әмәс. Бу әдәмни әдәм мәсхириләш дегән сөз. «Көз тикип» дегән сөз «көзни жип билән тикивәтти» дегәнлик әмәс. У «уттур қаридиң» мәнасини билдүриду, – дәп орниға олтарди.

Шуғыла муәллимгә бүгүнки дәрис пүтмәйдиғандәк билинди. Оқуғучиларниң тоғра жаваплириға хошал болсиму, өзиниң бираз сөзләрни чүшәнмигинигә хижаләт болди.

Туюқсиз синипниң ичидә қолайсиз ғид пәйда болди. «Һажәтхана тәрәптин келиватқан ғид болуш керәк»дәп робот муәллим сантехник чақирди. Синипниң ичи вараң-чуруңға бөләнди. Робот муәллим оқуғучиларни синиптин чикирип, аяқлирини сүрткүзүп, қайтидин бир бирләп киргүзди. Рамазан исимлик балиниң йеңигә кәлгәндә робот муәллимниң электронлуқ бурни ишләп, йерилишқа тасла қалди. Роботниң сенсорлири сесик ғидниң шу балидин чиқиватқанлиғини көрсәтмәктә. Муәллим Рамазанни һажәтханиға қайта елип кирди. Ич кийимини йәштүрүп, тазилиди. Рамазанниң қосиги агрйған охшайду. Йәл чиқиримән дәп турғинида кичиккинә суюқлуқму тамчип кәткән экән. Рамазанни синипқа киргүзмәй, уттур өйигә қайтурди. Робот муәллим синипқа киргәндә балилар сесикчиликтин әйминип, бурунлирини йеппип олтарған экән.

– Балилар, Рамазан нежис дәссавалған экән. Мән Рамазанни өйигә қайтуривәттим. Әтә аяқ кийимини жууп келиду. Һечқиси йок, һазир синипниң деризилирини ечиветимиз. Пурак чикип кетиду, – дәп дәрисни давам қилди.

Тәнәпусқа қоңғурақ челиниши билән синипниң ичи ваң-чуңға бөләнди. Оқуғучиларниң тәндин толиси домбыра уюшмисигә баридекән. Балилар өз ара елишип,

челишип жүргинидә бир домбыра қолдин чүшүп кетип, беши йерилип кәтти. Бу Хан дегән балиниң домбыраси экән.

– Һазир дадам келип сениң бойниңни жулувалиду, – дәп Хан Ақжолниң гекитигигә есилди. Шуғыла муәллим оқуғучиниң ағзидин чиқиватқан әпсанә сөзләрни бираз тиңшиғач, иккисиниң арисигә кирди.

– Хан, сениң исмиңни ата-анаң келәчәккә үмүт бағлаш билән қойған болуши керәк. Шуңа, исмиңға лайиқ бол. Әнди домбыраниң сунушиға өзәң әйипкар. Қаригина, балиларниң домбыралири қап ичидә туриду. Сениң қапсиз.

– Оптимус Прайм, сениңдин һеч ким әқил сорап турғини йок. Қариң болмисун,– дәп турушиға синипқа Ханниң дадиси кирип кәлди.

Арилиқта Хан дадисиға телефон қиливәткән экән. Амма оғлиға «муәллимгә немишкә жавап қайтурисән» дәп кайимиди. Робот муәллимниң сөзини ишиқ түвидә туруп аңлиған дадиси:

– Мән мошу шәһәрдики Москва наһийәсиниң һакими болимән, – дәп өзини тонуштурди.

– Маңа һаким әмәс, оқуғучиниң дадиси керәк. Шунин билән сөзлишимән, – деди робот муәллим.

Ким болмисун, алдида һәр дайим баш егип туридиған адәмләр билән сөзлишип үгинип қалған һаким робот муәллимниң сөзидин кейин терисигә сигмай қалди.

– Мән бу домбырани палан миң тәңгигә ясатқанмән. Ақжолниң ата-аниси шу ахчини төлисун. Сөз мошу йәрдә тамам, – деди.

– Сетип, елип бәрмәйду. Сиз ялған ейтиватисиз. Домбыра базарниң һәр жайида сетилиду. Мону домбыра балинизниң шохлуғидин мошу ғалға чүшүп қалди,–деди.

Ханниң дадиси муәллимниң мундақ гәплиридин кейин техиму терикти. «Сени бу мәктәптә қалдурмасмән. Нә, нә бойсунмиған адәмләрниң бойнини бурап, жулувалдим. Сениң немә?» дегәндәк қилдидә, бурилип чикип кәтти. Синипта ялғуз қалған Шуғыла муәллим «адилик принциплрини сақлидим, логикаға иаяндим», дегини билән кәйпиятиниң бузулуп турғинини сәзди. Шу арилиқта Рамазанниң аниси:

– Оғлум башқа мәктәпкә авушимән, синиптикиләрдин уят» дәп задила қоймайватиду. Немә қилимән»–дәп телефон кипту.

– У һәққидә һеч бир бала билмәйду. Синипиға келивәрсун. Һәммә нәрсә орунда, – дегәндин кейин аниниң йерим көңли орниға чүшти.

\*\*\*

Әтиси Шуғыла муәллим синипқа кирмиди. Ақжол бу ишта һакимниң арилишиши, қатниши барлиғини сәзди. «Муәллимгә қандақ ярдәм қилсам болиду» дегән ойда муәллимләр кабинетигә кирди. Бөлмә ичи қараңғулук. Әтраптики жиһазлар аранла көрүниду. Ақжолниң көзи қараңғулукқа үгәнғичә бираз вақит керәк болди. Шуғыла муәллим бир булунда тиклинип, бешини саңгилитип, кекәч адәмләрдәк туриду. Ақжол робот муәллимниң көкригидики түгмичиләрдин «эмоция» дегән кодни тәрди. Туюқсиз муәллимниң көзлири лап-лап пақирап, янди. Тенигә жан кирди.

– Мән тирикма? – деди авазини титритип чикирип. – Мән сениң келидиғиниңни сезиведем. Улар мени «төмүр-тәсәккә» әвәткили туриду. Һазирниң өзидә икки робот келип тәкшүрүп кәтти. Мениң кәткүм йок, силәр билән мәңгүгә қалсам дәймән, – деди.

Униң авази хирилдап чиққан еди. Ақжол сәл ойлинип қалди. Һодуқуштин өзини тохтитип, чоңқур бир нәпәс алдидә ишқа киришти. Интертахтидики «ишқа қошуш» дегән йезикни басти. Сервердики шамлар пақирап, мониторда йезиқлар пәйда болушқа башлиди. Шу заман мәктәпниң күзәт сигнали ишләп кәтти. Ушқатқан авазлар мәктәпни бешиға кийди. Ақжолниң жүриги ойнап, ағзигә тикилғандәк болди. Жүгрәп келиватқан күзәтчини көргән Ақжол сервер бөлмисидин чикип, ишиқниң кәйнигә мөкүвалди. Аваз бесилип, күзәтчи бөлмидә һечкимниң йоклуғиға көзи йәткәндин кейин өзиниң иш орниға кәтти.

Әтиси Ақжолниң планшетида бәлгүсиз бир қошумчә пәйда болди. Бу робот муәллимниң коди еди. «Мени издәватиду. Улар һакимниң буйруғи билән мени толук ужуқтурмақчи. Ярдәм керәк» дегән йезик чиқти. Ақжол ойлинип қалди. «Мәктәп сервериға қайта кирсәм муәллимни қутулдуруп қалармәнму? Йә, әһвали техиму мурәккәпләштүрмәнму?». Шу ойлар илқидә ядиға синипдашлири келип, мәслиһәтләшти.

– Қандақ қутулдуримиз?–деди Қарашаш билән Ботағөз ойлинип.

– Хакерлик йоли билән. Биз киберсинип әмәсму? – деди Ақжол.

– Әгәр системаға киривалсақ, биометриялик кодини тапимиз. Мундақ жавапкәрчиликни мән өз үстүмгә алимән,–деди Рамазан.

– Шундақ қилайли, – дәп келишти синип толуғи билән. Ханму үнсиз синипдашлириниң пикригә қошулди.

...Синипта информатика дәриси өтүватиду. Бөлмидә чивин учса аңлинидиған ғаләт сақланған. Һәр ким өз жүрәк пәрманини тиңшап олтирип, ишини давам қилмақта. Мана, экранда икки қара кийимлик робот Шуғыла муәллимгә йеқинлашмақта. Уларниң мәхсити робот муәллимни ужуқтуруш. Рамазан билән Ақжолниң бармақлири клавиатура үстидә сақилдап ишләшкә киришти. Планшетлиридики түгмичини бесип келиведи икки қара кийимлик робот орнида туруп титрәшкә башлиди. Кейин кәйнигә бурулуп, киргән ишигидин сиртқа чикип кәтти. Оқуғучиларниң компьютер экранида «Рәхмәт, силәргә! Мени қутулдуруп қалдиңлар» дегән йезик пәйда болди. Униң кәйнидинла «Әнди мени йеңилап, кодимни толуктуруңлар» дегән йезик чиқти.

– Сизни қандақ йеңилаймиз? – дәп балилар сориди.

– У тәрипини өзәңлар тәтқиқ қилишинлар керәк.

Һазирға мени «әркин ойлаш» мүмкинчилигигә қошуңлар. Интернеттин оқуған программиларни есигә алған оқуғучилар «өзини өзи тәйярлаш вә қарар қобул қилиш» йеңилиғини киргүзди.

– Рәхмәт, балилар! Мән тәйяр! Әтидин башлап мән синипқа қайтип келимән, – дегән Шуғыла муәллимниң авази чиқти.

Оқуғучилар орунлиридин турушуп кәтти. Һәммиси хошал, бир-бирини қучағлап, жуқури кәйпиятта тәбрикләшмәктә. Оқуғучилар робот муәллимниң ядида адилик билән адимигәрчилик хисләтлири сақланғанлиғини байқисиму, фразеологиялик сөзләрниң мәнисини теһи өвләштүрүш программисиниң қошулмиғинини байқиди.

– Балилар, силәрниң ярдиминлар маңа наһайити керәк. Силәрни чүшиниш үчүн маңа бираз вақит һажәт болиду. Ярдәм қилиңлар, – деди Шуғыла муәллим.

– Сениң ички қурулушунни дуруслайлуқ. Һәр сөзниң кәйнидә чоңқур мәна ятқинини чүшәндүридиған программа ясаймиз. Буниндин сән һәқиқий адәм болупку кәтмәйсән. Лекин улар билән алақиға чиқиш, чүшәндүрүш, сөзлишиш сениң үчүн йеник болиду, – деди.

Балилар Шуғыла муәллим билән узақ вақит биллә ишләп, робот программисини йетилдүрди. Улар роботқа адимгәрчилик хисләтлирини, фразеология қайдилирини чоңқур чүшәндүрүш билән өзлириму хелә пайдилиқ нәрсиләрни, жүмлидин чоңни һөрмәт қилиш, кичикни қадирләш кәби хисләтләрни үгәнди. Рамазанға робот муәллимниң «башқиларға инсанниң ички сирлирини ейтмаслик» хислити яққан болса, Хан дадисиниң сәт қилиқлириға уйилип жүрди. Синипта болса, әлачи оқуғучилар қатары күн санап өсүшкә башлиди...

Дилдәр МАМЫРБАЕВА,

Язғучи

Уйғурчигә тәржимә қилған Авут Мәсимов

**Илавә: Мамырбаева Дилдәр Жанысбай кизи 1957-жили 11-сентябрьда дунияға кәлгән. 1979-жили ҚазДУниң журналистика факультетини тамамлиған. Иш йолини Жамбул вилайити Красногор шәһиридики наһийәлик гезиттин башлиған. 1988-жили Алмута шәһиригә келип жумһурийәтлик «Қазақстан мектебі» журналида давам қилған. Кейин «Ауыл» гезитида бөлүм муһәррири, муһәрририниң орунбасари, баш муһәррир, жумһурийәтлик «Ұлағат» журналиниң баш муһәррири, «Жаңа ғасыр» журналиниң бөлүм башлиғи, Қазақстан Язғучилар иттипақиниң «Жұлдыз» журналида бөлүм йетәкчиси хизмәтлирини атқурған. Қазақстан Язғучилар иттипақи билән Қазақстан Журналистлар иттипақиниң әзаси.**

**2010 вә 2013- жиллардики балиларға беғишланған Хәлиқара «Дарабоз» шундақла «Балауса» бәйгисини йеңивалған. 2021-жили «Роботтар отбасы» китаби үчүн Хәлиқара «Алаш» мукапитиға, шу жили «Ер Төстік» намлиқ балиларға беғишланған әсәрләр байқишида Жүсіпбек Аймаутов наמידики мукапатқа еришкән.**

**ҚЖ хизмәт көрсәткән мәдәнийәт әрбаби, «Қазақстанның 30 жилиғи» вә «Ерең еңбегі үшін» медальлириниң саһиб. «Өмірдің ағы мен қарасы», «Сағыныш, сағым, ғұмыр-ай», «Қош бол, балалық», «Махаббаттың ақ жауыны», «Әке мен бала», «Роботтар отбасы» намлиқ китапларниң муәллипи.**



## МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Елімізде әр азаматтың өмірінде түрлі күтпеген жағдай болуы мүмкін. Жұмыссыз қалу, еңбекке қабілеттілігінен айырылу, отбасылық жағдайдың өзгеруі секілді сәттерде табыс көзі де үзілуі ықтимал. Осындай кезде мемлекет азаматты жалғыз қалдырмай, әлеуметтік қолдау тетіктері арқылы көмек көрсетеді. Соның бірі – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі.

Бұл жүйе Қазақстанда 2005 жылдан бері жұмыс істеп келеді және халықтың әл-ауқатын тұрақтандыруға бағытталған. Біз осы тақырыпты кеңірек түсіну үшін Астанадан келген «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-ның өкілі Гүлбағила Болатбековамен тілдестік. Гүлбағила Қоңырбайқызының айтуынша, бұл жүйе – еңбек етіп жүрген азаматтарға арналған әлеуметтік қорғаудың қосымша түрі. Ол «шектеулі ынтымақтастық» принципіне негізделген: әлеуметтік аударымдар тек жұмыс істейтін азаматтар үшін Қорға төленеді және солар ғана төлем алуға құқылы. Жүйе келесі әлеуметтік тәуекел түрлерін қамтиды: еңбекке қабілетсіздік дәрежесі белгіленгенде; асыраушысынан айрылғанда; жұмыссыз қалғанда;

жүктілік пен босану; жаңа туған баланы асырап алу; бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтімімен айналысқан жағдайда. «Бұл төлемдер – табыстың орны емес, тек әлеуметтік қолдау құралы», – деп атап өтті маман. Бүгінде жүйе 6,8 миллионнан астам адамды қамтиды. Өткен жылы 1,4 миллион қазақстандық әлеуметтік төлем алып, оларға жалпы 958 миллиард теңге төленген. Алайда, Қорға түскен жарналар 635 миллиард теңгемем шектелген. Қалған бөлігі Қорда бұрыннан жинақталған қаражат есебінен өтелген. Бұл ретте, Қордың уақытша бос қаражаты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы қаржы құралдарына орналастырылуда. Егер адамда еңбек шарты болса, онда Қорға әлеуметтік аударымдарды жұмыс беруші өз қаражаты есебінен төлейді. Ал азаматтық-құқықтық келісіммен жұмыс істейтіндер үшін әлеуметтік аударымдар тапқан табысынан ұсталып, Қорға жіберіледі. Гүлбағила Қоңырбайқызы айтқандай, әлеуметтік төлемдердің басым бөлігі аналар мен балаларды қолдауға бағытталады. 82 пайыз қаражат дәл осы мақсаттарға жұмсалады. Сонымен қатар, еңбекке қабілетсіздік пен асыраушысынан айырылу секілді ұзақмерзімді төлемдер де бар. Қор жүргізген тексерулер барысында кей әйелдердің

төлем көлемін жасанды жолмен арттыру мақсатында жалған еңбек шартын рәсімдегені анықталған. Олар бірнеше «жұмыс берушіден» жоғары табыс көрсетіп немесе жалған кәсіпкерлік ашып, көбірек төлем алуға тырысқан. Мұндай заңсыз әрекеттерді болдырмау үшін бірқатар өзгеріс енгізілді: әлеуметтік төлем есептелетін табыс ең төменгі жалақының 7 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс; әлеуметтік тәуекел басталғаннан кейінгі Қорға түскен әлеуметтік аударымдар орташа айлық табысты анықтағанда есепке алынбайды. Егер әйелдің нақты табысы заңмен белгіленген шектен асып кетсе, жұмыс беруші оған қосымша акы төлеуге құқылы. Бұл еңбек шартында немесе ұжымдық келісімде көрсетілуі тиіс. Ал егер ондай норма болмаса, қызметкер оның қосылуын талап ете алады. Бүгінде төлем алу рәсімі оңайлатылған. Цифрлық отбасылық карта және басқа да IT-шешімдер арқылы азаматтар смартфон немесе ноутбук арқылы өтініш бере алады. Сонымен қатар, «Азаматтарға арналған үкімет» орталықтары арқылы да жүгінуге болады. Міндетті әлеуметтік сақтандыру – бұл жай ғана қаржылық көмек емес, бұл азамат пен мемлекет арасындағы сенім мен қамқорлық көпірі. Өмірдің түрлі қиын сәттерінде әркімнің жанында бола алатын осындай жүйе – қоғамның тұрақтылығының кепілі.

### Мезгіл мәселесі

## БАЛА КҮЛДІ, БІРАҚ НЕГЕ КҮЛДІ?..

Балаң теледидарға телміріп, ішек-сілесі қатып күліп отыр. Қуанасын. «Көңілді болып отыр ғой» деп өзін де мәзсің. Бірақ бір сәт ойланып көрдің бе – ол неге күлді, не көріп отыр?

Бүгінгі балалардың күнделікті көретін мультфильмдері көңіл көтеруге арналса да, оның астарында қандай ой жатқанын екінің бірі аңғара бермейді. Шындығында, қазіргі мультфильмдердің бір бөлігі бала түгілі ересектердің де есін шығаруы мүмкін. «Скибиди», «Кисси Мисси», «Хагги Вагги»... Аты қызық. Бейнесі тіпті қызығырақ. Бір қарағанда күлкілі, қимыл-қозғалысы көңілді, бірақ ішкі мазмұнына үңілсең – балаға емес, қорқынышты фильмге көбірек ұқсайды. Сонда біз балалардың санасын күлкіге көмкереміз деп, қатігездікке ұрындырып жатқан жоқпыз ба?

Балалар психиатры, медицина ғылымдарының кандидаты Ж.Сейтқұлқызы: «Бала 6 жасқа дейінгі кезеңде көрген дүниесін санаға жинайды. Бұл жас – негіз қалаушы кезең. Мультфильм – оның ішкі әлеміне тікелей әсер ететін негізгі фактор. Қазіргі кейбір бейнелерде айғай, үрей, күлкі арқылы жасырулы зорлық-зомбылық элементтері кездеседі. Бұл – аса қауіпті», – дейді.

«Қазақ мультфильмдері жоқ» деу – әділетсіз. Бар. Бірақ, көбінде бір нәрсе жетіспей тұрады. Бірінде идея әлсіз, енді бірінде техникалық сапа төмен. Бірі тым күрделі, бірі тым қарабайыр. Ал енді бірі мүлде бала көретін дүние емес. Сөзіміз дәлелді болсын, 2016 жылы Azia Animation түсірген «Ер Төстік» мультфильмінің бір эпизодын еске түсірейік. Ерназар аңнан бала тауып алып, бәйбішесіне: «Осыдан тамақ жасап берші», – дейді. Бәйбішесі: «Ол бала ғой!» – десе, Ерназар: «Қозы да қойдың баласы, оны да жейміз ғой», – деп жауап береді...Түсініксіз, тіпті ақылға сыймайтын диалог. Бұл арқылы не айтылмақ? Не үйретпек? Бір кездері қазақ анимациясы дегенде Әмен Қайдаровтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Алдар көсе», «Тазша бала», «Мәншүк» сияқты көркем дүниелер ойға оралатын. Қазір де жақсы мультфильмдер бар: «Мұзбалақ», «Қобыланды», «Ер Төстік және Айдаһар» секілді. Бірақ олардың жарнамасы әлсіз, насихаты жоқ. Телеарналарда сирек көрсетіледі, интернетте «алгоритм» оларды ысырып тастайды. Нәтижесінде сапалы контент көрінбей қалып, желіде жеңіл-желпі, түсініксіз мультфильмдер алға шығып кетеді

Мәдениеттанушы А. Ерболқызы: «Бүгінгі ұрпақ «Хагги Вагги» көріп өсті, ертең ол кім болады? Біз ұлт кейіпкерлерін, ұлттық мінезді мультфильм арқылы таныта аламыз. Бірақ ол үшін ұлттық саясат, мемлекеттік қолдау керек. Анимация – жай өнер емес, идеологияның құралы. Бұл құрал кімнің қолында – сол жеңеді» дей келе, балалар көріп жүрген мультфильмдердің мазмұны саралануы керек екенін айтады. Маман пікірінше, әр мектепте, балабақшада арнайы мультфильмге арналған көркемдік-танымдық сағаттар болуы тиіс. «Мультфильм жасау – бизнес емес, миссия екенін түсінетін уақыт жетті. Ата-аналар мен тәрбиешілер мультфильмді «тыныш отыру құралы» емес, «тәрбие құралы» ретінде қарауы қажет», – дейді ол.

Балаңыз не көріп жүр? Сол мультфильмге қарап, оның болашақ болмысы қалыптасып жатыр. Экран – жай эйнек емес, баланың жан-дүниесіне тікелей әсер ететін айна. Сондықтан әрбір ата-ана, әрбір педагог, әрбір шығармашыл адам – осы жолда бейжай қарамай, мойнына жауапкершілік ала білсе, бүгінгі баланың ертеңгі образы әлдеқайда айқын, шынайы, ұлттық болмысқа сай қалыптасар еді. Ал, бұл жайлы Сіз не дейсіз, көзі қарақты оқырман?!

Бетті дайындаған С.БАЗАРҚҰЛОВА

## БАЛАҢЫЗ НЕ КӨРІП, НЕ ТЫҢДАП, НЕ АЙТЫП ЖҮР?!

Ал қазіргі сәбилік шақ мүлде басқа сипат алды. Баланың досы – компьютер, тәрбиешісі – теледидар, ермегі – смартфон. Ата-аналар баласының тыныштығы үшін оны гаджетке қаратып қоюға бейіл. Алайда бұл тым қауіпті әдет. Психологтар зерттеуі көрсеткендей, ұзақ уақыт теледидар көру немесе смартфон пайдалану баланың жүйке жүйесіне, есте сақтау қабілетіне, ойлау мен тіл дамуына кері әсер етеді. Сьюзен Джонсон есімді америкалық ғалымның сөзіне жүгінсек: «Баланың жанары адам жүзін көруге жаратылған. Нағыз тыныштық – ата-анамен бірге өткізген уақыт».

Жасыра алмаймыз – бүгінгі кей бүлдіршіннің сөздік қорынан дөрекі, балағат сөздер естіп қаламыз. Бұл – қоршаған орта мен ата-ананың бақылауындағы осалдықтың көрінісі. «Баланың тәрбиесі – ата-ананың айнасы» екенін ескерсек, кінәні өзгеден іздеудің қажеті жоқ.

«Бала – аманат. Оның тәрбиесі құрсақтан басталады. Ана бойына бала біткеннен бастап оның тыңдайтыны, көретіні, сөйлейтіні – бәрі болашақ ұрпақтың бойына жазылады. «Бес жасқа дейін алған тәрбие – бүкіл өмірдің 90 пайызы» дейтін зерттеу бар. Сондықтан баланың сәбилік шағы – рухани іргетас. Не ексең, соны орасың», – дейді педагог-психолог Дана Кеңесқызы.

Оның айтуынша, бүгінгі балалардың психикасы жиырма жыл бұрынғы баламен салыстыруға келмейді. Себебі қазір ақпараттық ғасырға аяқ бастық. Смартфон мен компьютер – баланың жаңа әлемі. Ойын арқылы қатыгездікке бой алдырған бала шынайы өмірде де агрессияға бейім болып барады. Бұл – болашақ үшін алаңдатарлық белгі. Ойын – баланың дамуы үшін маңызды құрал. Ұлы Абай айтқандай: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» Баланың шығармашылығы, еңбекке икемі, тілі мен ойлауы – бәрі де ойын арқылы дамиы. Кезінде баланың бос уақыты қиялмен, әңгімемен, колөнермен, кітаппен өтетін. Бүгінде сол қиял экранға тәуелді. Өттең, ертегі тыңдамай өскен бала – ертең рухани мүгедекке айналуы мүмкін. Бұл – Бауыржан Момышұлының сөзі. Балалық шақ – көз алдымызда өтіп жатқан болашақ. Бүгінгі сәби – ертеңгі ел иесі. Егер баланың жан дүниесін техника билеп, табиғи тәрбие қалып қойса, келешекке алаңдамасқа болмайды. Ендеше, әр ата-ана бір сәт: «Балам не көріп жүр? Нені тыңдап жүр? Не айтып жүр?» деп ойлануы тиіс. Себебі сол сұрақтардың жауабы – ертеңгі қоғамның бет-бейнесі болмақ.





Ертеңгі шайдан кейін ауылдан қатарласа шыққан қос атты көшенің әуілдек иттерін үргізіп, ауылдан сәл ұзаған соң тізгін іркіп еді.

– Жарықтық қабірстанға келдік, – деді әкесі мипаз үнмен жұмсақ тіл қатып, – енді іркілмесек болмайды. Көрсең бір қабір, еткейсің сабыр, атыңнан түсіп аятыңды оқы дегенді ескі көне көздер бекер айтпаған. Өлгенмен тең боп, қаларсын жер боп, болмассың мәңгі әулие шоқы дегені тағы бар. Жүр, соңымнан ер.

Баласы әкесінің дегенін істеді. Соңына ерді. Екеуі аттарын қалмақша айқастырып байлып, қоршаудың адам кірер қақпасын ашып, ішке енді. Аздан соң мүлгіп тұрған қабір үстін құранның жұмсақ үні әлдиледі. Тумаған, әрі туылмаған, әрі еш нәрсеге мұқтаж емес, күллі дүние бір өзіне тәуелді тіршілік иесіне тағзым етті.

Әкелі, балалы жолаушы аттарына қайта мініп, сыдыртып жүріп кеткен. Ат үсті желік. Жүргіншілер кел жарысайық демесе де, бір-бірін іштей түсініп, тізгін босатып, шоқырақтап шаба жөнелген.

Қапан үшін баласы Дәуірдің оқудан келуі алабөтен қуаныш. Қысқы демалыста болсын, өзгедей демалыс шақтарында болсын үйге келген шақтары өзімен өзі болып, монтаны тірлік кешіп жатқан бейқам жанұяны бір сілкіп тастайды. Сол студент баланың биылғы оқу жылын аяқтап, өз үйі, өлең төсегінде дамалып жатқан шағы еді.

Тосын жәй кеше кешкі астан кейін басталған.

– Өке, осы мен сізге бірдеме айтайыншы, – деген.

Әке бас шұлғыған. Айта бер дегені.

– Айтса былай, – деп студент сыдырта сөйлеп кеткен, – біз жоғары оқу орнының студентіміз. Алматыдағы үлкен оқу орындарының бірінде, жағрафия бөлімінде білім алып жатырмыз. Дүниелік географиямен таныспыз. Қай жерде қандай тау бар, ол неге солай аталған, қай тұста қандай өзен, көл, немесе шөл бар, оның әлеуметтік жағдайы қалай соның бәрімен сырттай болса да танысамыз. Тіпті жан-жануар, түрлі тіршілік иелері, ол арадағы ауа райымен де таныспыз. Біз сол сыртқы дүниені білуге тырысқанда неге ғана осы өзіміз тірлік кешіп отырған ортаның тарихымен таныспаймыз. Бізде де тау мен тас, өзен-көлдер, алапат жазықтар, түрліше жер, су атаулары жетіп жатыр. Біз сол атаулы аймақты сырттай ғана үстірт, былайша айтқанда шала білеміз. Атын естігеніміз болмаса, сол араны тіпті көрген емеспіз. Ана шеті Алматы, мына шеті ауыл, сол екі арада күнелтіп жатырмыз. Хат жасасақ деген ойым бар. Оған сіз қарсы бола қоймассыз деп ойлаймын.

– Мен неге қарсы шықпақпын, – деді әкесі, – керек десе осы сөздерді сенен бұрын мен айтып, сені осы кезге дейін туған өлкемен таныстыруым керек еді. Бұл білікті әкенің міндеті секілді. Әлі де кеш емес. Тіпті ертеңнен қалмай жолға шығалық.

– Бәрекелді, рақмет сізге...

Әке мен баланың күтпеген жерден атқа ер салып, жолға шығуының салдары осы еді... Үш- төрт шақырым текіректеп шапқаннан кейін аттың да, өздерінің де аптығы басылып қалғанды еді. Қапанның мінгені сылаң еті бар, кер шолақ ат болатын. Өмілдірігі терлеп, денесі бусанып, кәдімгідей желігіп алыпты. Жүріс тілегендей болып, тізгін созады. Ал студенттің астындағы қоянның жоныдай домаланған, дом болып ішін тартқан сары құнан болатын. Ол да жүріс сағынып қалғандай бас шұлғып, өзінше желік танытады.

Мезгіл жаздың басы еді. Тау алқабы, күллі дүние жәрменкеге баратындай барын киіп, мейлінше жасанған жасаң шақ еді. Шөп буыны бекіп, сүмбіле тарта бастапты.



Дәнеш АХМЕТҰЛЫ

Ағаш біткен жасыл желегін жамылып, үп еткен желге наздана ырғалып, нәзік толқып қояды. Студент осының бәріне өзгеше бір сағынышпен сүйсіне көз тастайды. Қызыға қарап, іңкәрлігі ауа түседі. Алыстан қарағанда мен мұңдалап, өзіне шақырғандай болған тастауыт қырка, көгілдір тау алқасы қасына келгенде мүлдем ажарын ашып, көркі арта түскендей екен. Анда-санда баяу есіп, желпіп өткен жібек желі неткен рақат. Жүргіншілер орта жолды шағын бұлақ басына түсіп, су ішіп, аз дамылдады да, қайта атқа қонған.

Атырапқа аты мәлім «Тасты бұлақ» деген осы, – деді әкесі, – неге солай аталғанын өзі де сезіп тұрған шығарсың. Бұлақ тым төменнен ұсақ тастарды жарып, сүзіліп шығады. Сол үшін де суы қашан келсең де тап- таза болып мөлдіреп жатады.

– Сіз осы әңгімені айтқанда менің есіме Ыбырай Алтынсаринның «Таза бұлақ» деген әңгімесі түсіп тұр. Ұқастық бар ғой.

– Әлбетте бар...

Тағы екі- үш сай, тастауыт қырқаларды айналып өткеннен кейін жол ортасында көлденеңінен созылып жатқан кейкеңге шығып еді.

– Әжінің көлденеңі осы, – деді студентке қарап, – осы ара таутауыт қара қырқалар мен көгілдір таудың шебі секілді. Өйткені төмендеп жүрсең тағы да қалың қорытқай құйқалы қырқаға кезігесің, ал өрлеп жүрсең алдыңнан жап-жасыл жайлау менмұңдалайды.

– Ал, Әжі деген кім?

– Ол жағына толық жауап бере алмаймын.

– Неге?

– Өйткені ол адамның кім екенін анық білмеймін.

– Естіген боларсыз.

– Әлбетте естуін естідік қой. Сонау бала кезімізде үлкендер сол кісіні ауызға алып, бір қоңыр әңгімені айтып отыратын. Кім болса да әйтеуірі елге танымал адам.

– Өкінішті.

– Мұндай өкініштен өзегің өртеніп, жүрегің жарылып кете жаздайды. Туған жер шежіресінің бірін білсек, онын білмейтін күйге жеттік... Демек, сен әңгімені дер шағында қозғап отырсың...

Біраз кідіріп, ат аркасын суытқаннан кейін қос атты жолаушы көгілдір таудың шығыс жақ тұсын бетке алып, жүріп кетіп еді. Көлбеп жатқан жасыл тау қырқаларының ішіне ендеп кірмесе де, төмендей, шеттей жүрген.

– Осы жүрісіміз дұрыс, – деді Қапан, – тау қойнауына ендеп кірсек, қайта шығу қиынға айналады. Аттар барлығып қалады. Оның үстіне ат басын шығысқа да ендете бермелік. Ондай жағдайда көрші ауылдың жеріне кіріп кетеміз. Өзгені қайтеміз, одан да өз жерімізді танып аламыз.

– Бұл дегенің жөн, әке.

Атты жолаушылар алғашқы екпінмен тағы біраз жерді еңсеріп тастаған. Жасыл

# НҰРАЙДЫҢ ҮНГІРІ

(Әңгіме)

қырқалы белестер, тақиядай төңкерілген шөбі майда төбелер артта қалған.

– Біршама жер жүрдік, – деді Қапан, – сол арадағы жер су аттарының неге солай қойылғанына да қанық болдың. Көпшілігі өзінің табиғи бітіміне қарай аталған. Менің еңсем түсе бастады, – деді атын тебініп, қатарға келіп, – оны өзін де сезіп келе жатқан шығарсың.

– Ештеп.

– Себебі сол, қаншама жер жүрдік анда-санда ұшқан құстан өзге еш нәрсе кере алмадық. Сонау бір жылдары осы сай-саладан аңқыштаған суыр үзілмейтін. Сені алыстан көрді бітті, хабаршысы іннің аузына отыра қалып, шәңкілдеп қоя беретін. Сол шақта іннен ұзап кеткен суырлар әлдебір қатерді анық сезініп, тыраң-тыраң етіп, ініне қарай зымырайтын. Ініне әл-әзір жеткен бойда шоқиып отыра қалып, жан- жағына барлай қарап, сәл кідіріп, артында ары қарай сүңгіп кететін. Сырттан қарап тұрсаң тегі бір өзінше қызық көрініс. Ал, сол суырлар қайда, жоқ. Бәрін де атып, қақпан құрып, ініне сасық иісі бар домалақ зат тастап, тұқымын құртып біткен. Сай бойына, жүндес беткейлерде қарайып көрінген көп-көп індер сол кешегі көп суырлардың моласы секілді. Ілуде болмаса сууры, борсық, қарсақ тәрізді тау мен тастың сәні болған жануарлар көзге түсе бермейді. Міне, бүгінгі дамыған замандағы, табиғатты қорғаудағы қол жеткен табысымыз осы. Кезінде көп еді, қорғаушысы да мықты болатын. Қазір аң мен құсты қорғайтын пенде жоқ. Жылына қолында заманауи мылтығы бар атқыштар келеді. Қазағы да бар, орысы да бар. Бәрі де сырттың адамы. Олар неңді аясын... Ол пенделерде аң мен құсты аяу, қорғау деген сезім болмайды. Өз кәсібіне құлшығаны сонша, өңмендеп, ой мен қыра жүгіріп, өліп кете жаздайды. Сонау көгілдір төскейден кейде елік, кейде аю көрінетін. Шетенді сайдың басынан түнде елік әуілдейтін. Арғы бетіндегі қалыңнан аю көрінетін. Дүрбі салып, талай аюды көргеміз. Міне балам, жағдай солай...

– Жағдай шынында да қиын екен.

– Қиын болғаны сонша, тіпті басыңды тау мен тасқа ұрып, еңіреп жылағың келеді....

Қос атты жолаушы жүрісін жалғастыра түскен. Бірде биік белесті қабырғалап, бірде жіңішке өзекейлерді өрлеп, аяндай берген. Сатайдың жотасы деп аталатын биік белестің үстіне көтеріліп еді. Жолаушылар аттан түсіп, аз дамылдағысы келген. Қос аттың да ауыздығын алып, өздері де жайғаса отырған.

– Туған өскен ауылдың әрқилы атаулары түйіскен жолдар ол бір оқылмаған кітап секілді, – деді Қапан шешіле сөйлеп, – ол дегеніңіз өзінше жатқан шежіре. Ол құпияны бір күндік саяхатпен адақтап аяғына шығып тауыса алмайсың. Оған уақыт керек. Толық білуің үшін табандап осы арады тұруың керек. Табаныңа осы жердің сызы өтсе тіптен жақсы. Жуасын жұлып, миуасын теріп, мөлдір бұлағының суын сыңғыта ішіп, шөлінді бассаң ғана осы араның құпиясын сезінесің. Ұлы жазушы Максим Горький Ресей жерін өзінің бүкіл ғұмырында екі рет жаяу аралап шыққан... Ал жаңа өзіміз аралап шыққан өңір, – деп қолын нұсқап шығыс тұсты көрсетті, – Иманқұлдың қыстауы деп аталады. Үлкен аңғардың аузында, терең сайдың орта тұсында, батыс жақ қапталда аумақты тас қора бар. Кәдімгі биік-биік жартастар керегелене қауымдасып, дөңгеленіп, үйіріліп бітіп, үйлесім тапқан. Тәңірдің өзі жасаған дайын қорасы іспетті еді. Сол ара кейде Иманқұлдың қыстауы немесе Иманқұлдың тас қорасы деп те аталады.

– Ал, Иманқұл атамыз кім болған?

– Ол кісі осы өңірде мыңғыртып мал

айдаған бай болған. Әсіресе ұсақ малы шамадан тыс көп көрінеді. Осы көгілдір таудың бергі жағы мен арғы қапталын кіл қой-ешкісі иеленіп, шұбырып жатады екен. Қызыл қоғам кімнің түбіне жетпеген. Індете қуалап, соңына шырақ алып түсіп, түрлі жала жауып, әлгі байдың да ақырына жетіпті. Ұсталатынын, ұсталса босқа атылып кететінін күн ілгері білген бай бір түнде шекара ауып қытай асып кетіпті. Қайран иесіз қалған тірі қазына төрт түлік мал осы сай сайдың, қалың беткейлердің қабырғасында, самсаған шыршалардың арасында иесіз қалыпты... Қайыратын, ие болатын кісі жоқ, босқа шашылып, ит-құсқа жем болыпты... Е, шырағым несін айтасың, бұл байқұс ел не көрмеді дейсің... Енді міне, аны мен құсынан айырылып, тағы бір сұрқылтайға тап болып отыр...

– Жаңа Қазақстанның заманы басталды ғой, әлі бәрі де реттеледі.

– Иә, солай болуы тиіс. Заман репеті түзелсе, бәрі де қалыпқа түседі. Жаратушы алдымыздан жарылқасын....

– Бұл шақта аспан астын өзінің алтын шұғыласына кенеп, мейлінше мейірін төккен жаз күні еңкейіп, бесін ауып қалған еді. Таулы өлкені қоңыр көлеңке өрнектей бастаған. Әлгіде ғана сай бойында білінер де білінбей лекіген жібек леп енді салқын тау самалына ауысыпты. Шұңайт астауша сай ішін бойлап төмендеп жүрген жүргіншілер аздан соң сол тар шатқалдың бір қиын, ұры қылтасына келіп жетіп еді. Сайдың қыбыла тұсына біткен биік, сар жағал жартас менмұңдалаған.

– Осы атырапқа аты мәлім тұстың бірі осы, – деді Қапан жартас нобайына сұқтана қарап, – кейбіреулер Нұрайдың жартасы деп атайды. Ал елге мәлім аты Нұрайдың үңгірі. Олай болатыны осы жартастың астында сопақша, кеуек үңгір болған. Біреулер аюдың апаны дейді, енді біреулер баскаша атайды.

Үңгір неге Нұрайдың атымен аталған?

Оның да әңгімесі бар, балам. Оқиға кешегі 30-32 жылдардағы аласапыран, аштықта болған. Замана тепкісіне шыдамаған ел торғайдай тозып, жан сауғалап, алды алдына қашқан ғой. Көбі қытай асқан. Кештете жүріп кеткен қашқындар осы арадағы ұры жолға тақағанда келеңсіздікке тап болған. Жүк артқан бір ат онбай жығылып, мойны үзіліп өлген ғой. Жүгі шашылып қалады. Күтіп тұруға болмайды. Кешеуілдеуге уақыт жоқ. Қашқандар шашылған жүкті тезінен үңгірдің ішіне тасып, Нұрайды екі-үш күннің ішінде алып кетпек болып, тастап кетеді. Қашқындар жөнep кетеді де, әйел сол арада қалып қояды. Мезгіл қарашаның соңы болса керек. Күн күрт суытып, арт жағы қарлы боранға ұласады. Үңгір аш қасқырлардың қоршауында қалады. Бір сұмдықтың тақалғанын әйел анық сезеді де іске кіріседі. Қолда бар майды ерітіп, жаман көйлегінің әр-әр жеріне құйып, артынша от қояды. Көйлек лапылдап жанып, әйел тағдырына араша түскендей болады. Әйткенмен бұл ишара көпке бармайды. Таң бозында көйлек жанып бітеді, май да таусылады. Анталаған аш қасқырлар іннің аузын тырналап, ақыры ішке еніп, әйелді жеп кетеді. Сол үшін де бұл ара Нұрайдың үңгірі деп аталыпты...

– Қандай өкінішті, – деді студент жанары жасаурағандай болып, – неткен аянышты тағдыр.

– Иә, балам, әсте солай болған.

– Ендеше бүгінгі бейбіт күнімізге тәубе делік.

– Бейбіт күн, тыныш тіршілікке тәубе еткен жүргіншілер кешегі азаппен өлген Нұрайдың әруағына бата бағыштап, сайды бойлап, төмендеп жүріп кетіп еді.



## КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫҒА ТӨЛЕНЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫНЫҢ ТОҚТАУЫНА НЕ СЕБЕП БОЛУЫ МҮМКІН?

Қазақстан Республикасында көпбалалы отбасыларға жәрдемақы төлеу тәртібі 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің (әрі қарай-Кодекс) нормаларымен реттеледі.

Кодекстің 92-бабы 3 тармағына сәйкес көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеуді тоқтатуға:

- 1) баланың қайтыс болуы;
- 2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын баланы ол он сегіз жасқа толғаннан кейін оқудан шығару;
- 3) баланы мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне беру;
- 4) өтініш берушінің көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны заңсыз тағайындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы;
- 5) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе ата-ана құқықтарын шектеу, бала асырап алуды жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою, қорғаншыларды (қамқоршыларды) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету;
- 6) көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны алушыға қатысты оның Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісінің анықталуы негіз болып табылады.

Кодекстің 92-бабының 4 тармағы негізінде сәйкес осы баптың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу оны тағайындау үшін негіздер сақталған кезде осы баптың 3-тармағында көрсетілген мән-жайлар туындаған күннен бастап тоқтатылады.

Кодекстің 92-бабының 5 тармағына сәйкес бала (балалар) қайтыс болған жағдайда көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу бала (балалар) қайтыс болған ай өткен соң тоқтатылады.

**А.АЛЬМУХАНОВА,**  
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің №3 зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы.

## Туған өлкем – қандай көркем ҚҰСТАРДЫҢ ІШІНДЕГІ ӘДЕМІСІ – ҚЫРҒАУЫЛ



Қырғауыл – отырықшы құс. Ұясын ну қамыстың, қалың бұтаның арасына жерге салады. Сәуір-мамыр айларында 7-18 жұмыртқа салып, 21-27 күнде балапан басып шығарады. Балапандары жұмыртқадан жетіліп шығады, мамығы кепкен соң жемін өзі аулайды.

Құстардың ішінде ең әдемілерінің бірі – қырғауыл. Ол оңтүстікте кездесетін құс. Алайда, оны Жер шарының басқа да өңірлерінде еденіне құм төселген, аналығы жұмыртқа салу үшін шөп салынған күрекшесі бар ашық торлы кораларда жыл бойы өсіруге болады. Мұндай жағдайдың бәрін үй маңындағы учаскеде жасап алу – сіздің қолыңыздан келетіндігі анық. Қырғауылдың жалпы дене тұрқы тауыққа ұқсас келеді. Тек бір айырмашылығы тауыққа қарағанда құйрық жүндерінің әлдеқайда ұзын келетіндігі. «Қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен» деп бекер айтылмаса керек. Әдетте, қырғауыл қанаттарында алтын, қою-

жасыл, қызғылт-сары, күлгін және басқа да түстер кездеседі. Құйрығы сарғылт-қоңыр, жолақты болып келеді.

Қырғауыл тұқымының түрлері. Азия аумағының кең көлемін мекендейтін қарапайым қырғауылдың (*Phasianus colchicus*) отызға жуық түрлері бар. Оларды бір-бірінен қанаттарының бояулары арқылы ажыратуға болады. Қырғауыл Еуропа Азия құрлықтарында, Қытай, Жапонияда тараған. Қазақстанда Жетісу аймағында, Сырдария аңғары, Қызылқұм алабында, Талас Алатауында кездесетін бір түрі бар.

Қырғауыл өсімдіктің жеміс-жидегімен, жуашық, түйнегімен қоректенеді. Аяғы мықты, топырақты қазып, арасындағы жәндіктерді олардың дернәсілдерін жейді.

**Альдибек НҰРСҰЛТАН,**  
«Шарын» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің мемлекеттік инспекторы

## Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу тәртібі

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 15 қарашадағы №427 бұйрығымен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу қағидалары бекітілген.

Мемлекеттік қызметі осы Қағидаларға сәйкес жеке және заңды тұлғаларға ауданның әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа мұқтаж адамның тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттармен қоса, өтінішті:

- 1) Мемлекеттік корпорация;
- 2) көрсетілетін қызметті беруші;
- 3) «электрондық үкіметтің» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы ұсынады.

Үшінші тұлғалардың өтініші сенімхат бойынша беріледі.

Мемлекеттік қызмет электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде тегін көрсетіледі.

Өтінішке қосымша келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат немесе қызметті алушының цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 2) азаматтың әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп тану туралы сот шешімі;
- 3) неке қию немесе бұзу туралы куәлік;
- 4) 026/е нысаны бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысын (қамқоршылық белгіленген жағдайда);
- 5) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте

тұрғаны туралы мәліметтердің жоқ екені туралы анықтамалар;

- 6) 18 жастан асқан отбасы мүшелерінің әлеуетті қамқоршысымен бірге тұратын барлық адамдарға қамқоршылық белгілеуге жазбаша келісім (егер қамқоршы қамқоршымен бірге тұрады деп болжанған жағдайда) (еркін түрде).

18 жастан асқан әлеуетті қамқоршысымен бірге тұратын барлық адамдарға қамқоршылық белгілеуге келісім электрондық сұраным "электрондық үкімет" порталы арқылы жеке кабинетке жолданады.

Құжаттарды "электрондық үкімет" порталы арқылы жолдаған жағдайда құжаттар электорндық көшірме түрінде ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорация қызметкері құжат иесінің порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен берілген келісімі болған кезде цифрлық құжаттарды іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған немесе қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттардың толық топтамасын беру кезінде:

көрсетілетін қызметті берушіде – мемлекеттік қызметті тіркеу және алу күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі;

порталда – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттар топтамасы сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті берушінің маманы "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жүгінген адамның өтінішінен деректерді енгізеді.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация, портал арқылы жүгінген кезде өтініштен алынған деректер автоматты түрде "Е-Собес" ААЖ-ға беріледі.

Өтініш қабылдағаннан кейін және құжаттарды тексеру қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде тұрғын үйге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа алуға ниет білдірген адамның тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актісін жасайды.

Көрсетілетін қызметті алушы мен қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа мұқтаж азамат бір елді мекен шегінде тұруы қажет.

Мұқтаж азамат арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұрған жағдайда, актіні жасау талап етілмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші актіні алғаннан кейін және қажетті құжаттар өңделгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің қорғаншылық немесе қамқоршылық тағайындау туралы бұйрық шығарады.

Құжаттарды қараудың жалпы мерзімі және қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту 19 жұмыс күнін құрайды.

Қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу туралы бұйрық құжаттар немесе мәліметтердің, оның ішінде мемлекеттік мекеменің (ұйымның) ақпараттық жүйелерінен келіп түскен мәліметтердің негізінде, атап айтқанда:

- 1) қамқорлыққа алынушыны әрекетке қабілетті деп тану немесе қорғаншының немесе қамқоршының не қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның өтініші бойынша оның әрекет қабілеті шектелуінің күшін жою туралы сот шешім шығарған;
- 2) қамқоршының және/немесе әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген кәмелетке толған адам қайтыс болған;
- 3) қорғаншының және/немесе әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген кәмелетке толған адам Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, АӘҚКО тұратын адамға қорғаншы ауысқан кезде "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы мәліметі бойынша бірінші басшы туралы мәліметтер негізінде көрсетілетін қызметті беруші "Е-Собес" ААЖ-да өзгерістер енгізеді.

Сондай-ақ қағидалар мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін белгілейді.

**Сабирым ТОХТИЕВА,**  
Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімше меңгерушісі



## ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ

Жаз айлары – балалық шақтың ең жарқын, қуанышты кезеңі. Күннің жылы сәулесі, таза ауа, суға шомылу мен табиғат аясында өткізілетін уақыт балалардың денсаулығын жақсартып, көңіл-күйін көтереді. Дегенмен, бұл кезеңде қауіпсіздік мәселесіне аса мән беру қажет. Қайғылы оқиғалар, өкінішке қарай, дәл осы уақытта орын алып жатады. Бүгін біз жазғы демалыс кезінде балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі ережелеріне тоқталамыз.

### КҮН СӘУЛЕСІНЕН ҚОРҒАНУ

Балалардың терісі ересектерге қарағанда нәзік және жұқа. Күннің ультракүлгін сәулелері терінің күйіп, қызаруына, тіпті терінің терең қабаттарына зақым келуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан жазғы демалыс кезінде күн сәулесінен қорғайтын арнайы кремдер қолдану міндетті. Күн сәулесі қатты түскен уақытта (11:00-16:00 аралығы) балаларды ашық ауада ұзақ ұстау дұрыс емес. Ашық түсті, жеңіл және кең киімдер, бас киім кию күннің жағымсыз әсерінен қорғайды. Көзілдірік пен сусынның да рөлі зор – олар терінің және көздің құрғақ болуына жол бермейді.

### СУ ҚАУІПСІЗДІГІ – ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕ

Жазғы демалыстың ең сүйікті іс-әрекеттерінің бірі – суға шомылу. Бірақ су – бір мезгілде балалар үшін үлкен қауіп те болуы мүмкін. Балалардың өз бетінше суда жүруі өте қауіпті. Судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау үшін:

- Балаларды ешқашан өздігінен суға жібермеу керек.
- Өрдайым ересек адамның бақылауын қамтамасыз ету қажет.
- Қауіпсіз және рұқсат етілген су айдындарында ғана шомылған дұрыс болады.
- Суға түсер алдында ауа мен судың температурасын, су айдынының тазалығын тексеру міндетті.
- Балаларға суда не істеуге болатынын және болмайтынын алдын ала түсіндірген жөн.

### ОРМАН МЕН ДАЛАДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Балаларды таза ауаға немесе орманға шығару – олардың табиғатпен танысып, жаңа нәрселер үйренуіне мүмкіндік береді. Бірақ табиғаттың да өз ережелері бар. Ағаштардың арасында адасып кету, жыландар мен улы жәндіктердің шағуы, өрт қаупі – орман мен даладағы ең жиі кездесетін қауіптер. Осыған байланысты:

- Балаларды жалғыз орманға жіберуге болмайды.
- Далаға шыққанда ұзын жеңді киім, мықты аяқ киім кигізіп жіберген жөн.
- От жағуға және темекі шегуге тыйым салу қажет.
- Табиғат ережелерін балаға алдын-ала түсіндіру маңызды.

### ЖОЛДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Көшеде де балалар қауіпсіздігі өте маңызды. Көптеген жазатайым оқиғалар – көліктер мен жаяу жүргіншілер арасындағы қатынастан болады.

- Тек арнайы белгіленген жерден және жаяу жүргіншілер өткелінен өту.
- Көліктерге абайлап қарау және көше ортасында ойнамау.
- Қараңғы уақытта немесе көріну нашар кезде жарық-тандырғыш элементтер кию.
- Көліктердің сигналдары мен дабылдарын есту және түсіну. Ата-аналар да осы ережелерді балаларға үлгі ретінде ұстануы тиіс.

### ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Үйде де қауіпсіздік шараларының сақталуы маңызды. Балалардың электр құралдарымен ойнауы, ақаулы құрылғыларды қолдануы өрт немесе жаракатқа алып келуі мүмкін. Осы орайда:

- Электр құралдарын балалар қолы жетпейтін жерде сақтау.
- Ақаулы құралдарды дереу жөндету.
- Балаларға электр қауіпсіздігі туралы түсінік беру.
- Үйдегі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету (өрт сөндіргіштерді қолжетімді жерге қою, өрт жағдайында не істеу керектігін үйрету). Бұл шаралар үй ішіндегі қауіп-қатерді азайтады.

Жалпы алғанда, жазғы демалыс – тек тынығу ғана емес, баланың тұлғалық қалыптасуына, денсаулығын нығайтуға және шығармашылық әлеуетін ашуға үлкен мүмкіндік беретін кезең. Алайда бұл мүмкіндікті барынша тиімді пайдалану – тікелей ата-аналар мен жауапты ересектердің қолында.

Жоғарыда аталған ережелер мен кеңестер – жай ұсыныстар емес, баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды бағдарлар. Демалыс барысында осы тәртіптерді ұстану – баланың күнін қызықты, пайдалы әрі қауіпсіз өткізуінің кепілі. Әрбір ата-ана, тәрбиеші мен бала осыны жадында ұстауы тиіс.

Сондықтан уақытты ұтымды ұйымдастырумен қатар, күнделікті тәртіпке мән беріп, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау – жазғы демалыстың шын мәніндегі жемісін көрудің басты шарты екенін естен шығармаған жөн.

**Ш.АВТАХУНОВ,**  
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

## ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Бүгінде адамзат өркениеттің биігіне жетсе де, тамақтану мәселесіне салғырт қарайды. Біз күн сайын жейтін астың ағзаға қалай әсер ететінін білгіміз келмейді. Уақыт үнемдейміз деп, тез дайындалатын, құнарсыз тағамға тәуелді болдық. Ал мұның арты – ауру мен әлсіз ұрпаққа әкеліп соғатынын ғылыми дәлелдер де, өмір шындығы да көрсетіп отыр.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының дәрігерлері қазір адамдардың 70 пайыздан астамы таңғы асты ішпей, түскі асты кешіктіріп немесе мүлде жемей, ал кешкі асқа тым көп тамақ жейтінін, бұл ас қорыту жүйесіне ауырлық түсіретінін айтады. Ал тамақты асығыс ішу – ағзаға сіңбеуіне әкеледі, семіздік пен қант диабетінің бір себебі екен.

БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) ұйымдастырған бір семинарда Қазақстанда 6,5 миллион адам, соның ішінде балалар мен әйелдердің көпшілігі дәрумен мен минерал жетіспеушілігінен зардап шегетіні айтылады.

«Қазақстанда 6 айдан 2 жасқа дейінгі әрбір екінші бала өсу мен ақыл-ой дамуы жағынан артта қалуда. Әйелдердің 80 пайызы фоллий қышқылы жетіспеушілігіне ұшыраған. Темір мен йод тапшылығы – анемия, қалқанша безі бұзылысы, баланың іште толық жетілмеуі сияқты қауіптерді тудырады», – дейді мамандар.

## ЖОҒАРЫ ПАТОГЕНДІ ҚҰС ТҰМАУЫ МЕН НЬЮКАСЛ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

**Құс шаруашылығында жиі кездесетін аса қауіпті аурулар – жоғары патогенді құс тұмауы мен Ньюкасл ауруы. Бұл вирустық індеттер құстардың жаппай қырылуына әкеліп, шаруашылыққа зор экономикалық зиян келтіреді. Сондықтан олардың алдын алу – кез келген құс өсіруші үшін маңызды міндет.**

Жоғары патогенді құс тұмауы тыныс алу жолдарын зақымдайтын және тез таралатын вирус арқылы пайда болады. Ауру құстарда тыныс жетіспеушілігі, ісіну, жұмыртқалаудың төмендеуі байқалады. Көп жағдайда ауру кенеттен өлімге алып келеді.

Ньюкасл ауруы да вирустық сипатта болып, жүйке, тыныс және ас қорыту жүйелерін зақымдайды. Құстар басын бүгіп, тепе-теңдігін жоғалтып, қатты әлсірейді.

## САПАЛЫ АУЫЗ СУ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

**Су – жер бетіндегі тіршілік көзі, күнделікті тұрмысқа қолданылатын ауыз су көзінің тазалығына, оның сапасына аса көңіл бөлгеніміз абзал. Тірі және өлі табиғатта жүретін түрлі процестер мен құбылыстардың адам тіршілігіне жұмсалатын заттардың ішінде судың маңызы зор. Адам ағзасының 80 пайызы судан тұрады. Сол себепті су адам өміріне, денсаулығына басты әсер етеді. Сапалы ауыз суын тұтыну адам ағзасы үшін маңызды. Күніне кемінде екі литр су ішу керегін білеміз, бірақ қандай ауыз суды қолданып жүргенімізге мән бермейміз. Тұтынатын су түрі көп, мысалы колонканың суы, ұнғыма суы, құдық суы, фильтрленген, бөтелкедегі, минералды су.**

Қазіргі таңда өмір жасын ұзартуды медицина жасушалық және молекулалық деңгейде зерттеп отыр. Сапалы ауыз суды тұтыну арқылы түрлі созылмалы аурулардың алдын алып, шын мәнінде өмір жасын 5-6 жылға ұзартуға болады. Су адам денсаулығы үшін маңызды әсер етуде. Өзін жақсы сезіну үшін, адам тек сапалы, таза ауыз су пайдалану қажет. Денсаулық сақтау бүкіл әлемдік ұйымының деректері бойынша адам аурулардың 90 пайызы ауыз су мұқтажы үшін, сондай-ақ тұрмыстық мақсатты үшін (душ, ванна, бассейн, ыдыс аяқ жуу, кір жуу және т.б.) сапасыз су пайдаланғанымен пайда болғаны белгіленуде. Қазіргі таңда ауыз

Олардың сөзінше, Қазақстанда қазіргі таңда бірінші және жоғары сұрыпты ұн алты түрлі микронутриентпен (темір, мырыш, В1, В2, фоллий, никотин қышқылы) байытылуда. Бұл адам ағзасына аса қажет заттар.

Балалар арасындағы ауру-сырқаудың себептерін зерттеген медицина ғылымдарының докторы Г. Сәрсенқызы: «Оқушылардың 40 пайызы анемияға шалдыққан. Сабақ үлгерімі мен есте сақтау қабілетінің төмендеуіне басты себеп – дұрыс тамақтанбау. Таңғы асты жемеген бала сабаққа зейін сала алмайды. Асхана мәзірі баланың жасына, салмағына, физикалық белсенділігіне сай болуға тиіс», – дейді.

Ал нутрициолог Л. Қуанышқызы ата-аналарға мынадай кеңес береді: балаға әр күні көкөніс пен жеміс беріңіз (кемі 300–500 г); тағамды әртүрлі етіп жоспарлаңыз: ақуыз, көмірсу, дәрумен мен май теңгерімді болуы керек; газдалған сусын мен фастфудты үйден аластатыңыз; баланыздың мектептегі асханадан не сатып алатынын біліп отырыңыз.

Ауруды емдегеннен гөрі, алдын алған оңай. Бүгін дұрыс тамақтану арқылы ертеңгі ұрпақты түрлі аурудан құтқара аламыз. Тамақ – жанармай емес, ағзаға қажетті тіршілік қуаты. Сол қуатты қалай және не арқылы қабылдағанымыз ұлттың денсаулығын айқындайтынын ұмытпайық.

С. БАЗАРҚҰЛОВА

### Маман кеңесі

Ауруларға қарсы тиімді және міндетті шара – бөгде адамдар мен көліктердің құс қораларына кіруін шектеу, арнайы киім қолдану, құстарды торда ұстау, ашық су көздерінен аулақтау, құрал-жабдықтар мен қораларды үнемі залалсыздандыру, алғашқы белгілер байқалғанда дереу әрекет ету қажет. Құс тұмауы мен Ньюкасл ауруының алдын алу – тек бір шаруашылықтың емес, бүкіл өңірдің биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кілті. Сондықтан әрбір құс өсіруші алдын алу шараларын қатаң сақтауы тиіс.

Ауырған ауыл шаруашылығы жануарлары болса міндетті түрде ветеринариялық мамандарға жүгініңіздер.

**Алмас НАМАНГЕНОВ,**  
аудандық ветеринария бөлімінің  
ветеринар эпизоотолығы

суының сапасы жөнінде мәселелер өз күшін жойған жоқ. Біз пайдаланатын су міндетті түрде таза болу қажет. Ластанған су арқылы берілетін аурулар денсаулықтың нашарлауына, мүгедектікке немесе өлімге алып келуі мүмкін. Су көздерінің ластанғаны нәтижесінде адамға іш сүзегі, дизентерия, тырысқақ, анкилостомоз тәрізді аурулар жұғу ғажап емес. Су арқылы жұқпалы сары ауру, туляремия, су безгегі, бруцеллез, полиомиелитті жұқтыруға болады..

Мемлекеттің байлығы – халқы, халықтың зор байлығы – денсаулығы. Денсаулықтың кепілі – сапалы ауыз су. Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету – бұл бүгін болмаса, ертең болар немесе мен істемесем, басқа істер деп қол қусыратын, немкеттілік танытатын іс емес. Бұл мыңдаған адамдардың күнделікті қарапайым қажеттілігі, денсаулығына қатысты, сонысымен тағдырына тікелей байлаулы мәселе. Сондықтан жүз сылтау, мың себепке малданбай жетпегенін жеткізіп, жоқтан бар етіп, барды ұқсатып, жауапты мекемені алдымен дұрыс тандап, содан үнемі талап етіп, тағдырлы мәселені әрі жылдам, әрі сапалы шешкеніміз абзал. Құрметті тұтынушылар, өз денсаулықтарыңызды сақтау үшін тек таза суды пайдаланыңыз!

**Э.БАХТАХУНОВА,**  
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының  
бас маманы



